





Еуропа мен Азияның жолайғырында тұрған еліміздің батыс өңірі, соның ішінде ежелгі Орал шаһары қай заманда ақыл-ой мен қоғамдық сананың алғы шебінде болып, уақыттың серпінді құбылыстарын алғашқы болып қабылдап, тез бейімделіп отырды. Жиырмасыншы ғасыр бастауындағы ұлы өзгерістер толқынында жаралып, сол кездің өршіл талғамына сай құрылған бұл білім ордасы – республикамыздағы Қазақ педагогикалық институтынан кейін екінші іргелі оқу орны. Қызметін елге білім нұрын тарататын зиялы шәкірттер тәрбиелеуден бастаған ұлағатты ұстаздар ұясы. Құрылып, қызметін бастаған күннен бастап ғылым мен білімнің қайнар көзіне, халық ағарту саясатының қозғаушы күшіне айналған білім ордасы бүгінде кадрлар ұстаханасы ғана емес, шәкірттері төрткүл дүниеге әйгілі атышулы жоғарғы мектеп, ақыл-ойдың зергерлері, ілім-білімнің тұңғыштары ғылымға түрен салған қасиетті қара шаңырақ.

Іргелі білімі, қуатты ғылымы бар қарашаңырақ

Қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы, академик Қажым Жұмалиев ғылыми-педагогикалық қызметін бастаған бұл институтта қазақ филологиясының тамаша арнасы қалыптасты. Кейін бұл жолды филолог-ғалымдар – Атымтай Көшімбаев, Ғабдрахым Әбуханов, Мәтжан Тілеужанов және тағы басқалары сынды алдыңғы толқын сәтті жалғастырып, кейінгі ізбасарларына ізгілікті жол ашты.

Батыс Қазақстанның ботаника мектебінің негізін қалаушы, жаратылыстану ғылымдарының докторы В.Иванов барлық ғылыми-педагогикалық табыстарын осы институт қабырғасынан жаһанға жайды. Биология ғылымдарының докторы, қоғам қайраткері Есенбай Ағелеуов бастаған жаратылыстанушы-ғалымдар кейін аталған мектептің абыройын асқақтата түсті. Жеті қат жер астының жәдігерлеріне тіл бітіріп, Батыс өңірді әлемге әйгілеген ғалым Г.Кушаевтың археология мектебін тарих ғылымдарының докторы Мұрат Сдықов жаңа қырынан танытып, Жайықтың аспан асты мұражайын ашуға қол жеткізді. Орыс филологиясын қазақ табиғатына үйлестірудің қисынын тапқан, ғажап әдіскер, профессор Р.Абузаровтың мектебі де өзіндік ерекшелігімен дараланады.

Атақ-даңқы әлемге мәшһүр ғалым, Ресей және Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, А.Тайманов осы білім ордасынан қанаттанды.

Бұл білім ордасынан тамаша қоғам қайраткерлері шықты. Қарапайым ұстаздықтан еліміздің Білім және ғылым министрлігіне дейін көтеріліп, бүгінде елге сыйлы қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Бірғаным Әйтимова, Қорғаныс министрі, әкім, елшілік

қызметтерді абыройлы атқарған саясаткер Иманғали Тасмағамбетов, соңғы жылдары Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі болған, бүгінде Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Елена Тарасенко, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, балетмейстер Талғат Ғатауов, ҚР Мәжіліс депутаты, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің хатшысы Снежанна Имашева, қазақстандық спортшы, еркін күресші Екатерина Ларионовалар – осы университет түлектері.

БҚУ – бүгінде халықаралық қауымдастықтан ойып орын алған білім ордасы. Ел тәуелсіздігі ежелгі білім ордасының құтты іргесін нығайтып, мамандық және ғылыми жұмыс ауқымын кеңейтті. Профессор оқытушылар құрамының ғылыми құрамы да жылдан жылға артып келеді. Қазіргі таңда университетте 17- ғылым докторы, 131- ғылым кандидаты, 10-PhD философия докторы, 159-магистр қызмет атқарады.

Бүгінгі таңда М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті көпсалалы білім және ғылым саласы, әлеуметтік ғылымдар және бизнес, техникалық ғылымдар және технологиялар, қызмет көрсету, білім беру, гуманитарлық ғылымдар, құқық, өнер, жаратылыстану ғылымдары бағыттары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

ЖОО-да құрылған ғылыми мектептер Қазақстанда және одан тыс жерлерде кеңінен танымал. Университетте педагогикалық, физика-математикалық, биологиялық, тарихи, химиялық, географиялық, экологиялық,

филологиялық, саяси, экономикалық, әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ең алдымен жоо-да жасалған бағдарламалық өнімдер негізінде дамыту университеттегі білім беру процесін ақпараттандыруды және электрондық оқытуды қамтамасыз етеді.

БҚУ кең халықаралық байланыстарға ие. Болон процесінің қағидаттарын іске асыру, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық, оның географиясы жақын және алыс шетелдерді қамтиды – осының барлығы әлемдік білім беру кеңістігіне кіру бойынша біздің жұмысымыздың нәтижесі болып табылады.

Университеттің осы және басқа да көптеген жетістіктері біздің басты капиталымыз болып табылатын бүкіл ұжымның, профессорлық-оқытушылық құрамның аянбай еңбек етуінің арқасында мүмкін болды. Батыс Қазақстан университеті өңірдегі білім, ғылым мен мәдениеттің жетекші орталығы ретінде өз қызметінің мазмұнын үздіксіз жетілдіретін болады, оның мәні мен бағыты Қазақстанның нарықтық және әлеуметтік бағдарланған экономикасы, қоғамдағы демократиялық қайта құрулар, патриотизм мен толеранттылықты дамытуы бар құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу процесімен айқындалады.

Үлкен ғылыми-педагогикалық, кадрлық және ресурстық әлеуетке ие бола отырып, біз болашаққа нық сеніммен қараймыз. Торқалы тоқсан жылдық құтты болсын!

Нұрлан СЕРҒАЛИЕВ,
М.Өтемисов атындағы БҚУ Басқарма төрағасы-ректордың
м.а., б.ғ.к., профессор

В октябре один из старейших вузов страны - Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова отмечает свое 90-летие. За эти годы вуз вписал немало славных страниц в свою биографию и внес неоценимую роль в развитие науки, образования, экономики и культуры всего Западного Казахстана, из его стен вышло около 80 тысяч высококвалифицированных специалистов, многие из которых стали знаменитыми личностями.

90-летняя дата, прежде всего, подчеркивает стабильное развитие ЗКУ в целом – есть спрос на наши образовательные услуги, половина из которых – это, конечно, подготовка кадров по педагогическим специальностям. Напомню, что в структуре вуза – шесть факультетов (физико-математический, педагогический, естественно-географический, филологический, истории, экономики и права, культуры и искусства), 22 кафедры, готовящие кадры по 51 специальности бакалавриата и 24 магистратуры. Ежегодно из стен вуза выходит не менее тысячи специалистов, к примеру, в прошлом их было около 1600. И это не только педагоги, но и политологи, археологи, регионоведы, экономисты, программисты, юристы, журналисты, работники культуры и сферы туризма, которые успешно трудятся в разных отраслях экономики не только в нашем и других регионах, но и за рубежом. Наши выпускники работают в прокуратуре, в ДВД, в отделах полиции. В Западном регионе наш вуз единственный, где готовят кадры для искусства. Напомню, что в годы Независимости профиль университета был расширен: бывший институт культуры им. Даулеткереев вошел в состав как отдельный факультет культуры и искусства, где сейчас готовят специалистов в сфере культурно-досуговой работы, включая режиссеров, специалистов библиотечного дела и даже музыкантов. Группы с казахским языком преподавания в ЗКУ преобладают, но есть группы и с русским языком обучения – по желанию поступающих. Действуют также полиязычные образовательные программы, позволяющие вести преподавание на трех языках: государственном, русском и английском. В основном они применяются в изучении физики, биологии и химии. За эти годы мы смогли установить связи с более

ЗКУ им. М. УТЕМИСОВА: солидный возраст, мудрость и опыт

чем 100 зарубежными вузами. Имеем хорошие результаты в научно-исследовательской деятельности, работы наших коллег публикуются на международном уровне. Еще одним достижением является двудипломное образование, когда разрабатывается единая интегрированная программа и по завершении обучения наш выпускник получает два диплома: ЗКУ и вуза-партнера.

Наша основная задача идти на перспективу – это, прежде всего, развитие многоуровневой системы подготовки кадров: бакалавриат, магистратура и докторантура. Эти три уровня предполагают подготовку кадров в рамках Болонского процесса, направленного на формирование мирового образовательного пространства. Декларацию о вступлении наш университет подписал в числе первых, а с 2015 года в основу его деятельности уже были внедрены стандарты и рекомендации по обеспечению качества на Европейском пространстве высшего образования. Это позволяет нашим выпускникам работать с дипломами ЗКУ за рубежом - в тех странах, которые подписали эту декларацию. Мы выдаем дипломы на трех языках: государственном, русском и английском. К слову, по определенным нормам законодательства страны ближнего и дальнего зарубежья, конечно, могут потребовать подтверждение дипломов, но объем обучения, который проходят студенты у нас, соответствует всем необходимым требованиям, которые предъявляются в рамках Болонской системы. Пока в ЗКУ действуют два уровня подготовки (бакалавриат, магистратура), а третья ступень докторантура – в процессе реализации. Мы уже готовим соответствующие документы по не менее пяти образовательным программам: педагогика, психология, биология, история и, возможно, экономика...

ЗКУ – это вуз международного уровня. К этому мы упорно стремимся. Когда речь идет о международном уровне, обычно учитываются многие оценочные показатели. Одним из таких направлений как раз и является

интернационализация – международное сотрудничество. Мы, к примеру, состоим в Ассоциации Азиатских университетов, а также Европейской и Евразийской. Также университет им.М.Утемисова принимает активное участие в международных программах, наши студенты ежегодно выступают на различных конференциях и конкурсах такого масштаба, и многие из них завоевывают призовые места. В целом, оценка качества подтверждается институциональной аккредитацией, которую на 7 лет ЗКУ получил в 2020 году. Помимо этого, университет проходит и специализированную аккредитацию по отдельным образовательным программам (к примеру, в 2021 году - по 35, весной этого года - по 34). Именно это дает нам право участвовать в конкурсах на размещение образовательных государственных грантов. Без такой аккредитации Министерство образования и науки РК не может позволить вузам готовить кадры за счет бюджетных средств. Педагог всегда был и остается ключевой фигурой в обществе. Я еще раз искренне поздравляю всю педагогическую общественность нашей области, гостей, выпускников, студентов и сотрудников Университета с замечательным событием. Искренне надеюсь, что Университет будет и впредь развивать лучшие традиции высшего профессионального образования. Желаю благополучия, процветания, новых открытий и побед в нашем инновационном развитии!

Э.Ж. ИМАШЕВ,
И.о. проректор по академическим вопросам, PhD





27 сентября в честь 90-летия вуза в ЗКУ имени М. Утемисова состоялась научная конференция, которую посетил Аким ЗКО Гали Нахмеденович Искалиев.

Мероприятие началось с экскурсии в университетском музее, а затем в конференц-зале состоялось заседание на тему «Наука – фундамент инновационного развития региона». В своем приветственном слове Г.Н.Искалиев, ссылаясь на Послание народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» Президента РК Касым-Жомарта Токаева, отметил, что «движущей силой прогресса являются преданные своему делу ученые и педагоги». По словам Гали Нахмеденовича, не случайно, что в преддверии 90-летия ЗКУ имени М.Утемисова именно в нашем университете было решено провести данную встречу.

ТЕМАТИЧЕСКАЯ ВСТРЕЧА АКИМА ЗКО С ИССЛЕДОВАТЕЛЯМИ ВУЗА

В качестве спикеров выступили к.б.н., профессор Сергалиев Н. Х.; д.б.н., профессор Дарбаева Т.Е.; доктор PhD Имашев Э.Ж.; к.х.н. Кунашева З. Х.; магистр экологии Мамышева М. В.; магистр Султанов Е.С.

На данной конференции обсуждались вопросы экологии области и научные рекомендации по их решению. Так, например, доктор биологических наук, профессор Т. Е. Дарбаева выступила с речью о катастрофической обстановке в пойменных лесах реки Урал. По данным исследователя, деградация лесных пойменных экосистем достигла 90%: коренные леса сменяются кустарниками, многие деревья погибают от лишайников, а на площади от Индера до Чапаева растительность практически полностью погибла, от Чапаева до Богатска – поражена пожаром местами от 30% до 90%. Было предложено ввести следующие меры: привлечь волонтеров, чтобы собирать сухостой; выдать лесхозам водовозы; запретить выпас КРС в пойме лесов; учесть истинную площадь пойменных лесов и бассейна Урала.

Данную тему поддержала магистр экологии М.В. Мамышева, выступив докладом «Разработка научных рекомендаций для озеленения г. Уральска». Она затронула проблему ухода за возрастными деревьями и саженцами в местных парках и скверах, а также улиц, которые лишены растительности. Совместно со студентами вуза уже проведен учет 20 скверов с указанием характеристик каждого дерева. М.В. Мамышева, например, предложила ввести разнообразие состава деревьев города, капельное орошение, а также придать природоохранный статус деревьям, которым около 400 лет, и что важно – принудить организации ухаживать

за скверами, которые к ним прикреплены.

Доступные технологии для разработки новых дорожно-строительных материалов и композиции на основе производственных отходов Западно-Казахстанской области» предложила кандидат химических наук З.Х. Кунашева. Так исследователями ЗКУ имени М.Утемисова впервые апробирован глинистый буровой шлам бурового раствора на нефтяной основе термической обработки на 150 м на опытном участке трассы Уральск-Тёплое. Во-первых, данное исследование полезно тем, что сырьё является результатом переработки производственных отходов, а, во-вторых, ежегодный контроль данного участка позволил сделать выводы, что подобный материал имеет высокую износостойкость.

С темой «Гидробиологические исследования в ЗКО» выступил магистр Е.С. Султанов. Результаты данного исследования будут основой для рыбного хозяйства, по повышению продуктивности водоемов для получения из них наибольшего количества рыбной продукции, а также разработка стратегии комплексного использования и адаптивного управления водоёмами и их охраны от возможных негативных последствий.

К.б.н., профессор Н.Х. Сергалиев озвучил основные положения исследования «Культивирование новых объектов аквакультуры на водоемах ЗКО». Из-за изменения климатических условий и увеличения уровня минерализации воды в ЗКО, представляется возможным искусственное воспроизведение и выращивание морских и пресноводных креветок в озерах. Будет выбран оптимальный микробиологический механизм выращивания креветок в контролируемых условиях.



Доклад доктора PhD Э.Ж. Имашева был посвящен оценке трендов территориальное планирование социально-экономического развития Западно-Казахстанской области. Исследователь предлагает на основе территориальной оценки трендов инвестиционного и социально-экономического развития определить эффективность инвестиций и обосновать перспективные направления инвестирования в трансформацию и модернизацию территориальной организации хозяйства и населения ЗКО с учетом пространственной дифференциации природно-ресурсного потенциала, социально-демографических и экологических условий.

После всех обсуждений Г.Н. Искалиев отметил прикладную значимость данных исследований и их ориентированность

именно на экономику, экологию и климатические условия ЗКО. Также он подчеркнул, что именно наука должна давать толчок к развитию экономики и укреплению благосостояния жителей нашей области. Ученые ЗКУ имени М. Утемисова, одного из старейших вузов Республики Казахстан, вносят действенный вклад в развитие различных отраслей науки и Республики, и нашего региона.

В завершении встречи акиму ЗКО Г.Н. Искалиеву были вручены первый экземпляр книги Г.Г. Гурьевой «От института до университета», вышедшая в честь 90-летия вуза, и жилетка с эмблемой ЗКУ имени Махамбета Утемисова.

Жанна АБТАЕВА

Ғылым мен білімнің жаңа көкжиегі

Құрметті әріптестер! Сіздерді Отанымыздың батыс түкпіріндегі М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! 1932 жылы құрылған Батыс Қазақстан университеті Қазақстан Республикасының белгілі университеттерінің біріне айналып, ұлттық рейтингте және әлемдік академиялық қоғамдастықта жоғары орынға ие. Бүгінгі таңда университет өзекті ғылыми бағыттар бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыратын ірі ғылыми орталықтардың бірі болып табылады. Оқу орны ғалымдарының, магистранттары мен студенттерінің білімнің, ғылымның, экономика мен мәдениеттің дамуына қосқан үлестері мемлекет пен қоғам тарапынан жоғары бағаға ие болып отыр. БҚУ оқытушыларының қатарында ғылым мен техниканы дамытуға көрнекті үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға, дарынды жас ғалымдарға берілетін мемлекеттік ғылыми стипендияның «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорының жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін берілетін грантының және т.б. сыйлықтардың иегерлері бар.

М.Өтемисов атындағы БҚУ-да 2018 жылдан бастап ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруда елеулі өзгерістер байқалады. ЖОО-да ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың өсуі байқалады, 2017 жылы 9,6 млн.теңгеге 5 жоба, 2022 жылы 63,3 млн. теңгеге 17 жобаға дейін қаржыланды. Университет Web of Science және Scopus базаларында жарияланымдардың санын көбейтіп, сапасын жақсартты. Егер 2017 жылы 12 мақала жарық көрсе, 2021 жылы 35 мақала жарияланды. 2020 жылы

23 мақаланың 13 - і 50-ден жоғары процентиленді журналдарда жарияланды. Хирш индексі (h-индексі) бар ғалымдар саны артты. Егер 2017 жылы Хирш индексіне «Физика» пәні бойынша тек 2 ғалым болса, 2022 жылы хирштің нөлдік емес индексі бар ғалымдар саны әртүрлі пәндер бойынша 50-ді құрады: педагогика, биология, география, физика, математика, экономика, филология, әдебиет және т. б. Ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша ҚР БҒМ конкурстарына өтінімдер саны артты. Егер

2017 жылы өтінімдер саны 17 болса, оның 2-сі NNS мақұлдаған болса, 2020 жылы 22-сі 3 қаржыландырылады. 3 жас ғалым «500 ғылыми тағылымдама» бағдарламасы бойынша «Болашақ» грантының иегері атанды.

Университеттің алдағы уақытта да Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұстанымдарын нығайтуға үлес қосатындығына сенімдімін. Ұжымға шығармашылық табыс, еңбекте жеміс және отбасыларына амандық тілеймін!



Қ.М.АХМЕДЕНОВ,
Ғылыми жұмыстар және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректоры м.а.,
ғ.ғ.к., профессор

Хұсайынов Мерғали Серғазыұлы - 1942 жылы 15 қарашада Батыс Қазақстан облысы, Жанғала ауданында дүниеге келген. 1965 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. А.С.Пушкин, физика-математика факультеті. 1965-1969 жж Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқытушы, кейін аға оқытушы болып жұмыс істеді. А.С.Пушкин 1971-1974 жж. Абай атындағы ҚазПИ-де аспирантурада оқыды. 1984-2001 жж облыстық санаториялық мектеп-интернаты директорының орынбасары, директоры қызметтерін атқарды. М.Өтемісова. 2003 жылдан 2004 жылға дейін – Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі. 2004-2005 жж – Педагогикалық факультет деканының орынбасары. Ғалымның 30 ғылыми еңбектері бар. Зерттеу тақырыптары: орта мектепте математиканы оқыту әдістемесі, математиканы оқытуда логикалық жаттығуларды қолдану сұрақтары. 2003 жылдан 2013

Бүгінгі күні талай тарихи тұлғалардың өсіп өнуіне себепші болған биік те мәртебелі Батыс Қазақстандағы іргелі оқу білім ошағы 90 жылдық мерей тойын атап өткелі отыр. Мақтана да, қызыға қарайтын университетіміз талай түлектерге жол сілтеп жоғары білім нәрімен жастарымызды сусындатып келеді. Осы тарихи кезеңде қазақстан мен шетелдің түпкір-түпкірін өзінiң еліне қызмет етіп келе жатырған түлектерімізді ұшырған ұстаздарымыздың еселі еңбегін атап өткіміз келеді. Бір ғана педагогика факультетінің тарихи қалыптасу кезеңінде маңдай терін төгіп қызмет еткен ұлағатты ұстаздарымыз жеткілікті. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға»- дегендей бүгінгі күні зейнеткерлік жасқа жетіп өзінің ерелі еңбегінің нәтижесінде халқының қалаулысы атанған ұстаздар туралы айтып кету ғана емес олардың еңбегін соның ішінде қыл қаламынан туындағын тәлім тәрбие мен білімге толы оқу-әдістемелік құралдары, үлгі өнегеге толы өмір жолы әрбір жастың арманына қанат қақтырып алға сүйреуіне негіз болады деген ниетпен қолға қалам алуға тура келді.

Қойнауында талай тарихты бүгіп жатқан білім ордасы осы жылдар ішінде мыңдаған шәкірттің жүрегіне нұр құйып, түлетіп ұшырды. Солардың жеткен жетістіктері, шыққан биіктері, атқарған игі істеріне сүйсініп, өздерінің саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап сан мың шәкіртті алдарынан шығарып салған, бүгін де зейнет жасына келген біздің ардагер ұстаздарымыздың қатары көбеюде. Солардың бірегейі Қайырғалиев Темірғали Қайырғалиұлы, Капленко Валентина Петровна, Хусаинов Мерғали Серғазыұлы, Доскалиева Роза Бисеновна, Мұлдағалиев Байжан Айдынғалиевич жайында айтпай кетпеске болмас.

Тағлымға толы

90 жыл



жетекшілік жасады. Марапаттары:

1. Еңбекке адал және мінсіз жұмысы үшін «Құрмет Грамотасы», М.Өтемісов атындағы БҚМУ. 2006ж
2. Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткен табыстары және оның гүлденуіне қосқан зор үлесі үшін «Құрмет Грамотасы», М.Өтемісов атындағы БҚМУ. 2007ж
3. Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім беру саласындағы қол жеткен табыстары мен маман дайындау ісіне қосқан үлесі үшін «Алғыс хат», М.Өтемісов атындағы БҚМУ. 2010ж

Молдағалиев Байжан Айдынғалиевич – педагогика және психология кафедрасының доценті. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты, кәсіби біліктілігі – математика пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының кандидаты. Педагогикалық еңбек өтілі: 1971жылдан. Ғылыми қызығушылықтары: Педагогика, педагогика тарихы, әлеуметтік тәрбие. Жарияланған жұмыстар саны - 100-ден астам. Негізгі басылымдары, оқу-әдістемелік құралдары:

1. Психологиялық-педагогикалық сөздік Оқу құралы - Алматы, 2011. 218б.
2. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы. Оқу құрал - 2013. Алматы қ.
3. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Оқу құралы. - Орал, 2015.

Педагогикалық қызметпен қатар ғылыми жұмыспен де белсенді айналысады. КСРО Ғылым академиясының жалпы білім беру мәселелеріне ізденуші ретінде кандидаттық диссертация қорғады.

Ғасырымыздың қаламгері М.Әуезовтың «Алдыңғы жақсы артқы жасқа тәлім айтпаса ел болғаның қайсы?»- деген болатын. Осы үздік ой жетегінде ең алдымен ұрпақ тәлімгерлерімізге, ардагерлерімізге бас иіп, алғыс айта отырып, Марфуға Айтқожинаның мына өлең жолдарын арнағым келеді:

Адам болып келгеннен соң өмірге,
Бар ғой қақың, ізденуге сенің де.
Қанша ма ұрпақ, ұқсамайтын мінездер —
Қара шашты ағартуың тегін бе?!

Бәлкім, сенің жоқ та шығар бір қайғың
Қайда барсаң, қарсы алады сырнайлы үн.
Кешегі ұстаз, бүгін Батыр, ел сүйген,
Келе бермес кез келгенге мұндай күн!

Жалындады ойлы, сергек жүрегің,
Ұйқысыз сан түндер кештің білемін.
Сая болдың, жапырағың жайқалды,
Балауса едің, үлбіреген гүл едің.

Қанат қақты шәкірттерің қияға,
Қуанышың құшағыңа сия ма.
Солар үшін қолыңменен от көсіп...
Ана, дана, Батыр дейді, балалар,
Ондай қамқор, мейірбан жан жоқ десіп.

Осы аға буынның ізін басып келе жатырған Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамын, студенттерін және барлық қызметкерлерін айтулы мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Отанымыздың өркендеуін, педагогикалық университетімізге жоғары кәсіпқой даму мен гүлдену тілеймін!

*Гүлжан Алғазықызы ЕРГАЛИЕВА,
педагогика факультетінің деканы*

жылға дейін – университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясының мүшесі, университет ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Капленко Валентина Петровна - 1954 жылы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келді. 1976 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын, «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірді. 1976-1982 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Ақбұлақ орта мектебінде мұғалім, кейін директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс атқарған. 1982 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасына оқытушы қызметіне ауысты.

2011 жылы «Үздік дәріс» байқауына қатысты, оның қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ III дәрежелі дипломмен марапатталды. 2013 жылы «Школа передового педагогического опыта» атты инновациялық технологиялар байқауына, «эффективность» использования некоторых технологий на занятиях по педагогике с применением электронного учебника «Педагогика в таблицах схемах» тақырыбында қатысты. Байқау қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоратымен «Электронды оқулық» номинациясы бойынша марапатталды.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ қоры үшін В.П.Капленко педагогика бойынша 30 бейне- дәріс жазып, 2 электрондық оқулық шығарды. В.П.Капленконың Қазақстан Республикасы, Ресей, Польша және Чехия жинақтарында және журналдарында 56 жарияланамы, оның ішінде 4 оқу құралы және 9 әдістемелік ұсынымы бар.

1982 жылдан 2018 жылға дейін ЖОО-да жұмыс істеген жылдары Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақтары Кеңесі Президиумының және М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті ректоратының, ҚР Білім және ғылым Министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Каирғалиев Темірғали Қайырғалұлы - 1945 ж. 15 ақпанында. Батыс Қазақстан облысы Қазталов ауданында дүниеге келген. 1961 ж. Жаңақала ауданы, Мәштексай қазақ орта мектебін бітірді. 1962-1966 жж. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында оқыды, кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік уни-

верситетінде үздіксіз қызмет еткен. 1966 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын тәмамдаған ардагер ұстаз мыңдаған түлектерді тәрбиелеп, осы салада қызмет аянбай қызымет атқарған. Темірғали Қайырғалұлы 1980 жылдың ортасынан бастап, жалпы педагогика және психология кафедрасында жалпы психология, жас ерекшелік психологиясы, этнопсихология, педагогикалық психология, қарым-қатынас психологиясы, туристік іс-әрекет психологиясы, психология және тұлға дамуы пәндерінен дәріс жүргізді. Ұстаздың еңбегін ҚР-ның Білім және Ғылым министрлігі бірнеше Грамота және Құрмет Грамоталарымен жоғары бағалады. Республикалық оқу-ағарту ісінің үздігінің төсбелгісімен марапатталды. Облыстан, қала және университеттен алған бірнеше Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары да оның тынымсыз еңбегінің дәлелі. Оған «Жаңақала ауданының Құрметті азаматы» деген атақ та берілген болатын.

Доскалиева Роза Бисеновна - 1960 жылы 1-ші қаңтарда Орал облысы, Тайпақ ауданы, Калмықов ауылында дүниеге келген. 1967-1977 жылдары Орал облысы, Тайпақ ауданы, Базартөбе орта мектебін бітірді. 1982 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетін география және биология пәндерінің мұғалімі мамандығын аяқтаған. 2006 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін педагогика-психология мамандығы бойынша бітірген. 1982 жылы Тайпақ ауданы, Базартөбе орта мектебінде география, биология пәндерінен сабақ беріп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 2007 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру институтының психология мамандығы бойынша толық курсын, 2010 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ҚР БҒМ білім және ғылым саласында бақылау комитетінің тізіміне кіретін республикалық басылымдарда жарияланған мақалалары - 3, ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналдарда - 2, халықаралық конференцияларда – 3, республикалық конф. - 2, аймақтық - 1, облыстық - 1, оқу-әдістемелік журналға - 1 және оқу-әдістемелік құрал - 1.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары: дипломдық, курстық және жалпы психологиялық зерттеу жұмыстарына

Естен кетпес есімдер әлемі

Биыл, М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің іргетасының қаланғанына 90 жыл толатыны еске түссе, білім нәрімен сусындатқан қара шаңырақтағы жаны жайсаң, жүрегі дархан ұстаздар бейнесі еріксіз ойға орала береді... Сары уыз балапан, ауылдан келген аңғал қыз жігіттерге институттағы атақтары жер жарған ұлағатты ұстаздар қауымы бізді жаңа бір әлемге тап болғандай күй кештірді...

Орал педагогикалық институтының ұстаздары - «сүттің бетінің қаймағы» сияқты, қара шаңырақтың бетке ұстар ғалымдары болатын. Көштің басында ректор болған - С.Ақмурзин, проректор болған, республикада тұңғыш қазақ тілі оқулығының авторы - Ғабдрахим Абуханов болса, артынша ауыз әдебиетін жатқа соғатын профессорлар -Атымтай Көшкінбаев, Мәтжан Тілеужанов сияқты ғалымдарды, республикаға аты әйгілі, әдебиет пен тілдің әдістемесін жазған - Калимолла Мырзағалиев, Мерует Жолдықаиrowаның есімдерін, Шәндә Жұмағазиевадай білімді тілшілер тұрды. Солардың алдын көріп, талай - талай мұғалімдер мен білімді шәкірттер тәрбиеленіп шыққанына тарих куә. Кейін ҚазҒу бітіріп келген Б.Шалабаев, Б.Шынтеміровалардан сабақ алдық. Серік Шарабасов, О.Бүркітұлы сынды ғалымдар да осы қара шаңырақта өмірлерінің соңына дейін өздерінің өшпес қолтаңбаларын қалдырды. Бұл есімдер өте білімді, бекзат, текті, қазақтың ескі интелегенциясының алтын қоры болды дер едім. Олар сымбаты мен сырын жоғалтпаған, өте келісті ұстаздар еді.....

Шәндә апайдан шыңдалып шықтық,- жұмасына бір рет диктант қабылдап, сол диктанттың қатесімен жұмыс жасай отырып, тілдің бүкіл теориясын меңгертті. Сол алған білімізді өмірімізге азық қылдық.

«Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық!» дегендей, факультетті 15 жыл басқарған Ж. Серикопов деканымыз студенттерді ағасындай қамқорлады, кейін әріптес боп бірге жұмыс жасадық. Таңғы сағат 8-де барлық аудиторияға төредей болып кіріп шығып, аман түгелімізді тексеріп шығатын. Біз ол кісіні әкеміздей күтіп отыратынбыз.

С.Ақмурзин ағайымыздың Сәкен Сейфуллин туралы лекциясын бастағанда, бар жан тәнімен бірде

күліп, бірде тұнжырап қалатын кейпін көріп, Сәкендей арыстың алдынан сабақ алған жастығының куәсіндей кейіпте болатынбыз.

Ғабдрахим Абуханов ағайдың даналығын, ғалымдығын сабақтағы бір ғана философиялық ойынан байқағанбыз. Бірде сабақ үстінде: - Ағай, «Ғылыми коммунизм» деген сабақ оқып жатырмыз, соған жетсек, керемет заманға тап боламыз, бәрі автоматпен басқарылады дейді, әділдік салтанат құратын көрінеді..... деп желдей естік. Сондағы Ғабдрахим ағамыздың ойланyp отырып, көзі алысқа тұңғыққа кеткендей болып: --Жоқ, қарақтарым, ол автоматыңның артында да адам отырады, ал адам басқарған жерде әділдік ешқашан болмайды, - деді. Ғалым ағаның сол сөзі 50 жыл өтсе де, әлі күнге Нострадамустың сөзіндей болған сол сөздің шындығы көкірегімізде сайрап тұр.

Атымтай Көшкімбаев ағайдың фольклорды жатқа соғатынын тамсанып отырып, кино көргендей елеспен тыңдайтынбыз. 4 курста М.Максимұлы докторлығын бітіріп келіп, сатира мен юмор жанрын оқыды.Есіктен кіріп келе жатқанда, лекциясын бастап оқып кіріп келе жататын. Қолында не қағаз, не кітап болмайды. Бірақ 80 минуттың қалай өткенін білместен білім теңізінде малтығандай күйде отырып, тоймастан тыңдаушы едік. Мәтжан аға барлық басшылық жұмыстарды атқара жүрсе де, қоғамның, ұлттың болашағы үшін, мемлекеттік тіл үшін жанын аямады. 86 –шы ызғарлы жылдарда тұңғыш «Қазақ тілі» қоғамын құрып, мені қоғамның төрайымы етіп сайлады. Белсене кірісіп, біраз шаруа жасап, қоғамның ірге тасын бірге қалағанбыз. Обкомның орыс тілді халқына қазақ тілін үйрет деп жіберді. Атағынан кісі үркетін Обкомға кіру – мен үшін естен кетпес стресс болған. Орыс

аудиториясына қазақ тілін үйретудің алғашқы қарылғашы- мен болдым. «Ө» проносятся как русское слово «пять» деп, қазақ тіліндегі 9 төл дыбысты «Орал өңірі» мен «Приуралье» газеттерін алдарына қатар қойғызып, аударма тәсілімен біраз меңгерткенім әлі есімде. Ол кез бір романға татитын бөлек әңгіме.

Қалимолла Мырзағалиев ағайдың сабырлы да паң, кербез де ұстамды, байыпты да ойлы келбеті көз алдымызда. Шығарма талдауға үйреткені мағыналы, құнды еді. Өмірдегі жағдайды таразылап, зерделеп үйретуге баулыңдар дейтін. Шығарманың мазмұнынан түйінді ой мен тірек сөзді таба отырып, тақырып пен идеяны айтқызуға үйретті.

Кезінде жастықпен олардың білімдерін бағалай алмасақ та, солардың алдын көріп, дәрістерін тыңдап, өмір жолына жолдама алып шыққанымызды мақтан тұтамыз, бақытты студенттер болғанымызды сезінеміз. Осындай бір - біреуі дара тұлға, ерекше бітім болмысы келіскен ғалымдардың алдын көру бақыты бізге бұйырды.. Қазір бұл тұлғалардың есімдері бір-бір «кабинет» болып, есімдері шәкірттер алдында сақтаулы.

Уақыт ұшқыр екен.....Олардың орнын басқан біздер қазір зейнет жасына жетсек те, жақсылы жаманды ұстаз болғанымыз - осы аты аталған ағай, апайларымыздың еңбегі. Біз алдын көрген ұстаздарымыздың бәрі де елге танымал, белгілі тұлғалар бола тұра, өте мәдениетті, қарапайым, адал адамдар болатын. Сол ұстаздардан нағыз ұстаз болуды, ана тілі мен қазақтың әдебиетін сүюді, кісілік пен кішілікті үйрендік. Отан екеуімізге сол алыптардың қатарында еңбек ету, игі істерін жалғастыру бақыты бұйырды. Кейін осы сапқа қара шаңырақтың түлектері -Р. Мұхамбетқалиева,



А.Ниязғалива сияқты білімді де білгір мамандар қосылып, ғылым игеріп, бір орында табаны күректей 40 жыл еңбек етіп, өз қолтаңбаларын қалдырып, ұстаздық етті. Жастары 70-ке келсе де, айтары бар, берері көп осындай үзеңгілес қатарыммен мақтанғым келеді. Сондай-ақ, білім майданында алдымыздан білім алып, өкшелес қызмет істеп, кейін ғылыми атақтарын қорғап, қазір әріптес боп жүрген біраз ғалым шәкірттеріміз бар. Ж.Шайекенов, Ғ.Хасанов, З.Мүтиев, А.Қыдыршаев, А.Қайыров, А.Мамыров, М.Ажғалиев, Р.Сейсенбаева, Г.Еркеғалиева, Н.Қабощева, Г.Тұрғаналиева, Н.Какімжанқызы, А.Төлегенова, Н.Дүйсенғалиева, А.Раманова, Ж.Мусина, сондай-ақ, ҚазҒУ түлектері, әріптес ғалымдар М.Сабыр, Қ.Аронов, Р.Сұлтанғалиевалар абыройлы еңбек етуде.

Жалпы М.Өтемісұлы атындағы білім ордасының еңбек ұжымын, факультеттердегі әріптестерді университетіміздің мерейлі мерекесімен құттықтап, еңбектеріне табыс тілеймін. Ұзақ жасасын деген тілегім бар. Ештеңе де, ешқашан да ұмытылмайды деген осы екен.

Ұлдай Рсқалиқызы ЕРЖАНОВА

Заметка о работе административного отдела университета

Дела нашего университета вершатся не только благодаря деятельности преподавателей, исследователей и ученых, но и благодаря работе других сотрудников вуза, чей труд также важен.

Прежде чем написать этот материал, я узнавал мнения других преподавателей о работе отдела кадров, который ныне называется административным отделом университета. И мои коллеги отзывались о руководителе отдела Н.Н. Журавлевой, других сотрудниках и, в целом, о деятельности отдела хорошо.

Помню, как в прошлом учебном году я обратился по одному рабочему вопросу к инспектору Л.К. Кадыровой. Отвечая на мою просьбу, она обратилась ко мне по имени отчеству. Знаете, меня это поистине удивило, ибо в университете работают свыше 300 преподавателей, помимо других сотрудников, и она помнит по имени рядового преподавателя! Не это ли настоящий профессионализм, кроющийся в мелких деталях?

А вот ещё один случай: должен был я как-то сдать документ в отдел кадров, но на его подготовку у меня ушло 2-3 дня. Прихожу в университет - заведующая кафедрой мне передаёт, что звонили с отдела кадров и спрашивали о данном документе. Как видим, на лицо ответственное отношение коллектива административного отдела к своей работе. Как добропорядочно выполняют они свою работу!

К тому же, я не раз слышал от нашей зав.кафедрой Д.Г. Хабиевой, что руководитель административного отдела Н.Н. Журавлева даёт ей полезные советы по руководству кафедрой. Да я и сам не раз получал подобные дельные советы от Натальи Николаевны и очень благодарен ей за это! Приятно знать, что в нашем университете есть люди всей душой болеющие за общее дело и всегда готовы прийти на помощь.

Хочу поблагодарить сотрудников отдела за их ежедневный труд во благо ЗКУ имени М.Утемисова, ваш труд поистине важен - без Вас работа университета бы остановилась.

Также хочу поздравить всех коллег и сотрудников вуза с 90-летием ЗКУ имени М.Утемисова и пожелать всем здоровья, мира и успехов в работе!

С уважением, Б.А. МУЛДАГАЛИЕВ,
доцент кафедры дошкольного и начального образования

Арманыма арқау болған аяулы орда



90 жыл ауыз толтырып айтарлықтай уақыт. Осы уақытта адам баласы ұзақ ғұмыр сүріп, үлкен жетістіктерге жете алады. Дәл осы жасқа біздің қара шаңырақ Махамбет Өтемісов атындағы университетіміз толып отыр. Бір ғасырдай жылда оқу ордамыздың намысын қорғап, республикалық, әлемдік деңгейдегі байқаулардан төбе көрсетіп жүрген атақты шәкірттер қаншама. Осындай үлгі тұтар ағаларымыз бен апаларымыз оқыған беделді де белді университетте оқу біз үшін үлкен мақтаныш.

Білім сапасы ешқашан көңілімді қынжылтқан емес, «әттеген-ай» деген сәттерім де болмады. Профессор, доценттерден ғылым үйренудің өзі, оларды көзбен көру зор мақтаныш деп білемін. Студенттің жанын ұғып, мұрат-мақсаттарымызға дем беріп, әрқашан да қолдау берген осындай оқытушылар

бізде ғана бар. Ең іргелі оқу орнына кірпіш болып қаланып, келешекте өзіндік қолтаңбамды қалдырсам деген арманым бар.

Жоғары дәрежелі білім сапасының арқасында еліміздің әр жерінен біздің түлекті кездестіруге болады. Бәсекеге қабілетті, әр салада өздерін жан-жақты көрсете алатын, талантты түлектеріміз мемлекетіміздің мерейін асырмақ. Махамбет жастары қашан да оқ бойы озық, дара тұлғалар. Мәртебең биікте асқақтай берсін, қара шаңырақ! Мерейтойың құтты болсын, алтын ордам!

Камшат ИХСАНОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің 3 курс студенті

Менің МЕРУЕРТ апайым!

Әліпқалиева, Лариса Темірова, Айгүл Малкешова және мен екі үлкен қапты ұстап алып «Қазпоштаға» қарай жаяу тарттық. Меруерт апайымыз: «Динам тоңбайтын болды. Осы аптада поселкем барса, жылы көрпені жамылып ұйықтайтын болды. Мединститутты Алматыдан, иә қасымыздағы Ақтөбеден оқы деп едім. «Тыңдамады» деп айтумен болды. Сонымен, Оралдан жіберген поселкеміз Москваға аман-сау жетіп, апайымыз алғысын одан сайын жаудырды. Он жерден мидай араласып, анамыздай бауыр бассақ та апайдың мысы басатын бізді. Қаталдығы, құлаққа құйған ақыл-кеңесі үнемі жадымызда жаңғыратын. Әсіресе, қаздай тізіліп кешкі сағат жетілерде Гагарин кинотеатрына бара жатамыз. Меруерт апайдың пединституттың дәл тұсындағы үйінің балконына сүзіле, қысыла қараймыз. Көбіне Сайын аға тұрады балконда. Е, апай көрмесе болғаны дейміз қуанып. Түнгі онның шамасында және зәре жоқ. Бір-бірімізді тасалап, терезенің жақтауынан апай сығалап қарағандай қуыстанып өтеміз тап сол жерден. Қызыққа толы студенттік шақтар—ай, қайран! Ауылдан демалыстан келгенде сағына көрісумен, түрлі әдеби шараларды бірге атқарысумен, театрға қолұстасып бірге барумен, ұстаздың сабағын тыңдап, сынақ тапсырумен жүргенде төрт жылымыз жыл құсындай өте шықты. Диплом алған құрбы-достарым Меруерт апаймен қимай қоштасты. Тіпті, Айгүл Малкешова Сыр өңірінен хат жазып тұрды алғашқы жылдары. Тағдыр айдап, Меруерт апай тұрып жатқан жаңағы Достық- 160 үйдегі Шүйіншәлиевтер жанұясының келіні болып, табалдырығын аттадым. Енді студенттік өмірдегі жақындық шынайы туыстыққа айналды. Оның үстіне апайым ата-енемнің руласы, Кердерінің жабағысы болып шықсын. Үйдегі барлық жақсылықтарда, Айнұрымды бесікке салғаннан, туған күндері, мектепке бару тойы, бәрі-бәрі менің Меруерт апайымсыз өтпейтін. Атам Әділгерей Төлегенұлы «Мираның апасын шақыруды ұмытып кетпе» десе, Мақпал мамам «О, не дегенің. Меруерт апайсыз отырыс қызық болмайды. Көршісі Бикә әжеден бастап, Балзия, Бәтима, Райхан апаларды жинап келеді ертең. Ол кісі бәріміздің командиріміз ғой» дейтін. Айтқандай-ақ, Меруерт апа төрде! Қалған апа — әжелер қасында үйіріліп отыратын. Сөзді бастайтын, батаны беретін, жиынды аяқтайтын өзі еді. Ешкім алдына шыққанын, ешкім ойын бөлгенін, жолын кескенін көрмеппін. Тіпті, осы аттары аталған әжелердің кейбірінен жасы кіші болса да бәрі «Меруерт айтсын. Мақал-мәтелді көп біледі ғой. Соғысты біткенін бірінші болып елден сүйінші сұрауы — тегін емес қой! Текті ғой!» деп дәрежесін көтеріп, төбесін көкке жеткізетін. Сөйтіп, менің Меруерт апайым ақылымен, көркімен, жан тазалығымен, парасатты ойымен айналасына шуағын шашып, жүзінен мейірім есіп, өткен өкінішін, көрген қиындығын ілезде ұмытқандай еркелейтін, назданатын, мәз болатын. Сосын мамам салып берген дастарханның дәмін қолтығына қысып: «Сайынжанның сыбағасын тездетіп апарайын. Мені күтіп отырған болар» деп үйіне жеткенше асығатын.

Халқы қадірлеп, ұрпақтары аялады. Шынында, Ақ Жайығы Меруерт апайды жақсы көрді. Қадірледі. Даналығы мен даралығына, адалдығына, тәрбиесіне тәнті болды. Осы өңірді әр жылдары басқарған облыс пен қала әкімдері Меруерт Жолдықайырова дегенде алдарына жан салмады. Түрлі жиындарда, алқалы кеңестерде ең алдыңғы шептегі ардагер, «Орал қаласының құрметті азаматы» ретінде бірінші қатарда отырды. 1942 жылы Жымпиты қазақ орта мектебін бітіріп, осы жылы Орал педагогикалық институтының тіл-әдебиет бөліміне оқуға түсіп, 1946 жылы диплом алғаннан қазақ тілі мен әдебиет кафедрасына оқытушы болып арнайы қалдырылған Меруерт Жолдықайырованы барша ректорлар алақанына салып, аялап ұстады. Тоқсан жылдық тарихы бар Орал педагогикалық институтын, яғни, байырғы оқу ордасын күні бүгінге дейін қаншама ректор — азаматтар басқарса, олардың бәрі дерлік дара ұстаздың, жан әлемі бөлек ананың алдында бәсіп, махаббатына бөленді. Өзім осы институтта оқыған жылдарымнан білетінім — Тұяқбай Рысбеков, Мұрат Сдықов, Асхат Иманғалиев, Нұрлан Серғалиев сынды ректорлар ұстаздың қиындығын бірге еңсеріп, қуанышында кеудесін қызыл гүлге толтырды. Ұрпақ сабақтастығы жалғасты. Апайдың барлық торқалы тойлары Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қақ төрінде, қаумалаған оқытушылар мен студенттерінің ортасында дүркіреп өтті. Әсіресе, 2015 жылы мамыражай мамырда болған тоқсан жылдық тойы ел есінен кетпес. Бірде күз мезгілінде БҚМУ-ға қазақтың атақты жазушысы Рахымжан Отарбаев атбасын бұрды. Маңдайына асау толқындай түсе берген қою қара шашын ұзын саусақтарымен кері ысырып қойып, топ ішіне көз жүгірткен қаламгер о дүниеге ертеректе аттанған асыл анасын іздеп тапқандай мойнын созып, босаңсып: «Меруерт апа-ау, Меруерт апа-ау» десіп даусын қайта — қайта созып. «Менің жастығымның куәсі отыр ғой, бұл арада! Осы киелі шаңырақта өткен әр күнімнің күнделігі ғой, Меруерт апай! Мені оқытқан, бізге дәріс берген мықтылардың көбі мәңгі ұйқыда жатыр ғой, апа-ау! Солардың көзіндей болып, шежіресіндей болып арамызда отыра беріңізші?» деп

1977 жылдың түлегі болған жазушы ұзақ қиылып қарады кураторына. Жүрегі әлденені сезді ме екен. Шағаладай шарқ ұрып Еділ мен Жайықтың арасында жүретін жазушының да ғұмыры қысқа болды. Білімнің нұрын сепкен алтын ұясын осылайша ұстазына аманаттағандай болып еді, жарықтық! Ардақты жан биік белеске шыққан сайын жарқын естеліктер көп айтылды. Жымпиты ауылының мектебінде бірге оқыған, балауса Меруертті көрген соғыс және еңбек ардагері Қадыр Ғайсин «Меруерт мұғалім болып жаралған. Меруерт-ұстаздықтың нағыз үлгісі. Ол бала кезінен спортты сүйді. Шахмат пен дойба ойнады. Есепке де жүйрік болды» десе, отбасымен сыйласқан Рахметолла Сүйербаев 1924 жылы наурызда Жымпитының Елтай ауылдық кеңесінде дүниеге келген Меруерт апайдың сегіз жасында, яғни, 1932 жылдың желтоқсанында анасы Айшадан, 1933 жылы қаңтарда әкесі Жолдықайырдан көз жазып қалғанын, қарт әжесі Қоңыршаның қолында алты айлық інісі Сағындықты құшақтап ботадай боздағанын, өмірдің ащысына шыңдалған арудың Құдай қосқан отағасы Ибаттың да жетпісінші жылы дәм-тұзы таусылғанын, шырылдап жүріп төрт баласын жетілдіргенін, оқытып, киіндіріп, ауқаттандырып адам қатарына қосқанын әңгімелеп берген еді қаракөз жастар алдында. Бүгінде Жайықтың осынау арыстай азаматтары да мәңгілік тыныштықта ұйықтап жатыр. Иә, Меруерт апай туралы шәкірттерінің шырайлы ойы ұшан-теңіз. Соның бірі Болат Жексенғалиев та ұстаздың мерейі тасыған шақта: «Адамның бақыты өз қолында. Егер бақытты болғың келсе бол деген екен шығыс халықтары. Біз бақыт, бақыт деп көп айтамыз. Бақытты болу қиын емес. Күнде қасымызда жүрген Меруерт апайға қарап бақыттың не екенін ұғуға болады. Мақтанышымыз Меруерт апамыз бақытты, өте бақытты жан!» деп еді. Расында да елінің көз алдында қаумалаған әлеуметтің ықыласына бөленіп, жанұясының жанында көңілі селдірмеген, ақ қырау шаштарын ешкімге көрсетпеген Меруерт Жолдықайырова ең бақытты ана, ұстаз, тәлімгер бола білді. Өттең, елге төнген індет сол бақытты бір сәтте ұрлап әкетпегенде... Бірақ, өмірдің заңы солай. Баспалдақ секілді. Біреуді көкке көтереді, екінші біреуді төмен түсіреді. Мұз айдыны секілді ойда-жоқта таудан төмен сырғытады. Кейде апайыммен болған қызықты сәттер есіме жиі түседі. Қаңтардың сарышұнақ аязды күні еді. Кешкі бестерде өзі шақырған соң үйіне бардым. Толтырып бауырсақ пісірді. Енді ғана шөй ішейін деп үстелге отыра бергенімізде сырттан Боташ апа келді. Тоңғаны қызарған дөңгелек жүзінен көрніп тұр. Қолын жуды да бір табақ бауырсақты алып төргі бөлмеге қарай жүгірді. Айтуынша, теледидардан қарайтын бағдарламасы басталып кетіпті. Дина әкелген бір дорба мәскеулік кәмпитті де ала кетсін. — Мира айналайын, бұларды білесің ғой. Жастары алпысқа келсе де маған осылай еркелейді. Мен оларға мамамын! Олар маған әлі бала! Қазір саған да, Сайынжанға да тағы бауырсақ пісіремін, — деді тоңазытқыштан домаланған-домаланған қамырды алып. Сөйтіп, Меруерт апа мінсі бұрқыраған бір табақ бауырсақты Сайынның бөлмесіне апарып берді. Былпылдаған тәтті бауырсақты менің де алдыма қойды. Мейірімге, шапағатқа толы қайран ана жүрегі-ай! Есейіп-ержеткен жалғыз ұлын, үш гүлін құмырадағы гүлдерді баптағандай күтетін, жылы-жұмсағын алдарына тосатын, құстың сүтінен басқасын тауып беретін Меруерт апайым жайлы айта берсем естелік көп.

Меруерт апайымды ең соңғы рет 2021 жылдың 2-қаңтары күні көрдім. Түстен соң арнайы іздеп үйіне бардым. Аулаға қараған сыртқы темір есік емге ашылмады. Көп тұрдым. Одан пәтеріне кіре алмай және кідірдім. Бір мезетте іштен Светлана апа шығып, ұстазымның қал-күйі төмен екенін, желтоқсан айында Динадан айырылғалы денсаулығы күрт төмендегенін айтты. Қатты қапаландым. Ковидтің құтырып тұрған кезі. Үй — ішінің бұл індеттен ығыр болғаны, қорқып қалғаны белгілі. Кенет есіктің әр жағынан Ботакөз апа сығалай қарап, мамасының ішке кіруіме рұқсат бергенін айтты. Қуанып сала бердім. Төргі бөлмедегі диванның үстінде Меруерт апа отыр екен. Жанарының нұры қашып, жүдеп-жадапты. Соғылып қалыпты. «Баланың қайғысын ата-анаға көрсетпесін, қарағым» деп еңкілдеп қоя берді. Сәлден соң көзі жасын сүртіп, тәтті шәйден ұрттады. Сосын қоңыр сервантының ішінде бір буда суреттері жатқанын, қажет кезде келіп қарауыма болатынын айтты. Сөйтіп, біз қырық бес минуттай шүйіркелестік. Кетерімде қолымнан қысып, бетімнен сүйіп, алақанын жайды. Он саусағы дірілдеп «Айнұржанның бақытын көр» деп батасын берді. Жыл басының жанымызды жабырқатпауын Алладан тіледі. Иә, адамның тағдыры сан қилы ғой. Жаратқанның дәл сол минуттарда, сол мезеттерде Меруерт апайымның алдына соңғы рет әкеліп тұрғанын, енді қайтіп көріспейтінімді білмеппін. Жоқ деуге, өмірден өтті, енді көріспейміз деуге көңіліміз сенбесінші! Көзден кетсе де, көңілден сәулелері сенбесінші! «Тірілермен тіріліп», Қазақ Елін, Жайықта жүрген ұрпақтарын, ел-жұртын әруағымен желеп-жебесінші...

Мира ШҮЙІНШӘЛИЕВА,
шәкірті



1988 жылдан сәлемім тұзу Меруерт апайым туралы ой өрбітсем, өз өмірім, өз тірлігім қамшы өргендей қатар өріледі. Себебі, «Орал педагогикалық институтының бірінші курсындағы 616-топтың кураторы Меруерт Жолдықайырова болады»- деп қазақ тілі мен әдебиет бөлімінің деканы, профессор Мәтжан Тілеужанов ағайымыз төртінші қабаттағы дәрісханаға арнайы келіп ұстазбен таныстырды. Біз үш топ, тоқсанға жуық студенттер отыр едік қазақ тілі сабағын күтіп. Ұзын бойлы, ірі денелі, кеудесін тік ұстаған, көз жанары өткір, екі беті теп-тегіс және аппақ, қоңыр түске боялған жылтыр шашын шалқасынан қайтарып желкесіне түйген, оймақтай ерніне қызыл далап жаққан, аяғында өкшесі биіктеу туфлиі бар әдемі апай сол мезетте бәрімізді өзіне баурап алды. Даусы ашық әрі анық естілді. Дәрісханадағы тақтаның алдында әрлі-берлі жүрген жүрісінен, «Сен кім баласың, қайдан келдің?» деген сауалынан бір түрлі қайраттылық, пысықтық, жігерлілік, қаталдық байқалды. Сол кезде көз алдыма қазақтың Батыр қызы Мәншүк Мәметова еріксіз елестеді. Кеудесін фашистің өртіне тосқан әр Мәншүк тап осы Меруерт Жолдықайыровадай болған шығар деп болжадым. Екі беті алтын Күннің көзіндей нұрланып, жарқыраған жанның жүрегі жылы, пейілі таза, көңілі мейірімге толы секілді сезілді бірақ та... Менің о баста апаймен жіті таныстығым жатақхана мәселесінен басталды. Бұдан бір жыл бұрын күзде Орал пединститутының даярлық бөліміне оқуға түскен едім. Сондықтан бірінші курстың студенті атанғанда оқу орнының тәртібімен жатақхана берілмеді. Үмітті үкілеп жүргенімде сары күз келіп, қазан айы туды. Әлі күнге пәтерде тұрып жатырғанымды естіген аяулы деканым Мәтжан Тілеужанов кураторыма нақты тапсырма берді. Сөйтіп, география факультетінің деканы, «Балшыққа батқыр» деп сөйлейтін Е. Байшағанов пен Меруерт Жолдықайырова мәселені бірден шешті. Жаңадан салынған тоғыз қабаттағы жатақханадан орын әперді. Осылайша Меруерт апайдың қызындай болып кеттім. Бір күні үйіне шақырып, Динаға өз қолымен тігіп қойған көрпесін көрсетті. «Түйенің жүнін сатып алып, оны жылы матамен бірнеше рет қабаттадым. Мәскеуде күн салқын. Таяуда қар жауады ол жақта. Осы көрпені және күріш, шәй, шекер, тоқашты поштамен салып келейік» деді. Құп алдым. Содан бөлмедегі группаластарым Нұрсия

Архив – халық қазынасы. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архив қорында Халық ағарту институтының негізінде 1932 жылы Орал педагогикалық институтының ашылатыны және оқу орнына қабылданатын студенттер саны жөніндегі туралы төмендегідей: «...решение Казнаркомпроса и НКП РСФСР с осени 1932 года в Уральске организуется вновь педагогический институт вместо Инпроса / с приемом 120 человек » - деген түсінік хат, сондай-ақ: «ОблОНО На Ваше №1336 от 26/ VIII - 32 г. Уральский Казахский пединститут сообщает, что предполагаемый контингент студентов 32/33-го учебного года выражается в количества 330 - студентов, считая и студентов рабфака. Директор пединститута Бекжанов Секретарь Мамонов» деген тарихи құжаттар сақталған.

Ал 1932-1933 алғашқы оқу жылында физика-математика, химия-биология, тіл және әдебиет бөлімдерімен бірге институт жанындағы жұмысшы факультетіне (күндізгі) және украин бөліміне қабылданған студенттердің саны туралы:

«Н.К.П. РСФСР Сектор Статистике На ваш запрос № 110-Б /I от 15/ IX-32 г. о статистических данных по учреждениям подготовки кадров за третий квартал 32 года по состоянию на 1/X-32 года Уральский Казахский Пединститут сообщает следующее:

1. Предполагаемый контингент учащихся во вновь открытый в 1932 году Пединститут по постановлению коллеги НКП должен быть 330 чел.

а/ 2 группы физико-математическое отделение по 30 чел.

б/ 2 группы Химико-биологическое отделения по 30 чел.

в/ 2 группы язык и и литературы по 30 чел.

г/ дневной рабфак при Пединституте на 120 чел.









д/ украинское отделение при Пединституте на 30 чел.

Всего 330 чел.

2. Набор учащихся продолжается, набрано пока пока на отделений I-го курса 100 чел. на рабфак при пединституте 120. Директор Пединститута /Бибииков/».

90 ЖЫЛДЫҚ

ТАРИХТЫҢ ЖАЗБАША ДЕРЕКТЕРІ



Сондай-ақ архивте Орал педагогикалық институтының қабылдау комиссиясының 1932 жылы 29 қыркүйек күні жазған алғашқы №1, №2, №3, №4 хаттамалары сақталған.

Хаттама бойынша Қабылдау комиссиясы жоғарыда айтылған физика-математика, химия-биология, тіл және әдебиет бөлімдерімен бірге институттың даярлық бөліміне студенттер қабылдаған. Қабылданған студенттер тізімі көрсетілген. Комиссия талапкерлерді оқуға қабылдауда олардың әлеуметтік тегіне маңыз беріп, кедей отбасынан, колхозшылардың балаларын қабылдауға басты назар аударғанын аңғаруға болады.

Тағы бір назар аударатын жайт, бұл хаттамаларда: «Заседания приемочной комиссии при Уральском втором Казахском пединституте» деп жазылған. Демек, Орал педагогикалық институты Қазақстанда 1928 жылы тұңғыш ашылған Қазақ педагогикалық институтынан кейінгі екінші жоғары оқу орны болғандығын дәлелдейді.

Б.С. БОРАНБАЕВА,
ҚР тарихы кафедрасының
аға оқытушысы, т.ғ.к.

Мерейтой аясында

Қыркүйек айының 20-ы күні Жаратылыстану-география факультетінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай Биология, экология және Химия кафедрасы біріге отыра «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!» атты ардагер ұстаздармен кездесу кешін ұйымдастырды.

Шараның басында ортаға ақылмен түйсініп, жүрекең сезінетін пайым - парасатымен, талғам - танымымен танылатын асыл жандар ардагер ұстаздарды шақырды.

Кездесу кешін бастау үшін сөз кезегі Жаратылыстану-география факультетінің деканы Тургумбаев Ақан Аскаровичке берілді.

Ел мақсатын бәрінен биік қоя білген, шәкірттеріне

«Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып»



жылулығын аямайтын, бір қауымға бас-көз бола білген ардагерлеріміздің орны ерекше. Тіршіліктің тынысын, уақыттың жүрісін сезіндіретін, білім әлемінің сырын білетін, өзінің алдынан өтіп жатқан шәкірттерінің

жырын жүрекке түйген тағылым иелері ардагер ұстаздарымыздың еңбек жолы көпке үлгі - өнеге.

Шара барысында ардагер ұстаздарымызға студенттер дайындаған концерттік бағдарлама қойылып, гүл

табысталды. Кейін «Сыр сұхбат» айдары бойынша ұстаздарымызға сұрақтар қойылып, ардагерлер өз тәжірибелерімен, ұстаздық жолдағы еңбектерімен қатар қызықты оқиғаларымен де бөлісті.

«Мы преподаём больше, чем просто язык и литературу - мы несём культуру своим студентам»

Анна Сергеевна Кriuля

СЛАВНЫЕ ТРАДИЦИИ ФИЛФАКА

Анна Сергеевна Кriuля – один из молодых педагогов кафедры русской филологии. Окончила бакалавриат в 2016 г., а затем и магистратуру – в 2018 г. в ЗКГУ им.М.Утемисова, и с тех пор преподаёт на родной кафедре. Поэтому она знакома со студенческой жизнью нашего вуза с разных сторон.

А.С. Кriuля вспоминает, как будучи первокурсниками, познакомились с магистрантами, среди которых была Галя Самойлова (ныне известный в Уральске журналист – прим. автора) и она рассказывала о существовавшем ранее литературном клубе «Свеча». И тогда маленьким составом друзей они решили воссоздать эту традицию и собирались в парке у ротонды, читали и обсуждали не только стихи, но и прозу. Вскоре состав стал расширяться за счёт студентов из других групп, и тогда «дружеские посиделки» переросли в салонные беседы и встречи в библиотеке им.Х.Есенжанова и на кафедре вуза. Интересно, что была рубрика «Открытый микрофон», где начинающие поэты и писатели в лице студентов могли поделиться друг с другом своим творчеством, помогали также подкорректировать «материал» – вот такая своеобразная кузница молодых мастеров. Со временем масштабы деятельности росли, и члены клуба стали организовывать более официальные мероприятия на кафедральном и университетском уровне. Клуб изучал и обсуждал литературу, студенты ставили какие-то сценки, но большую часть времени занимались «синтезом» поэзии и музыки – мелодекламация и музыкальные номера. Стоит отметить, что к подобного рода деятельности студентов не привлекали кураторы и кафедра - все действовали, по словам Анны Сергеевны, «на голом юношеском энтузиазме молодых горячих сердец».

К сожалению, после выпуска студентов-членов клуба, данное литературное сообщество прекратило своё существование. Однако, в библиотеке им.Х. Есенжанова Сергей Быков (выпускник ЗКГУ им.М. Утемисова, специалист по связью с общественностью в детско-юношеской библиотеке им.Х. Есенжанова – прим.автора) продолжает организацию литературных вечеров, куда приходят люди всех возрастов, склонные проявлять любовь к литературе и искусству. А.С. Кriuля отметила, что пытается привлечь внимание своих студентов к подобным мероприятиям. Студенты с охотой участвуют, но всё же былого масштаба нет, к сожалению.

Безусловно, у любого вида деятельности есть свои моменты взлётов и падений, и к этому нужно быть готовым. Так, например, была предпринята попытка воссоздания литературного клуба, дебютом которого должен был стать перфоманс о поэтах Серебряного века. Магистранты и студенты объединившись, готовились

своими силами, но практически пандемия оборвала все планы. Сейчас все они выпустились и поэтому теперь приходится начинать всё с нуля.

Еще одна замечательная традиция филфака, о которой рассказала нам Анна Сергеевна, - это походы в театр со студентами. К слову, ранее функционировал университетский театр, о чем ещё рассказывала доцент, кандидат искусствоведения Гурьева Галина Герасимовна. Сейчас культурные походы организуют многие пре-



подаватели филфака, среди которых, например, к.ф.н., доцент Г.С. Умарова. Она предпочитает водить студентов на спектакли по классическим произведениям, чтобы студенты, читая и анализируя произведения, могли бы увидеть трактовку и через призму видения режиссёра. Безусловно, талантливые постановки драматического театра им. А.Н. Островского не оставляют равнодушными студентов ЗКУ им. М.Утемисова и ещё более стимулируют читать оригинал, интересоваться классикой. Сама же А.С. Кriuля делится, что при любой возможности старается вывести «в свет» своих студентов на что-то более современное с целью показать, что и в современном мире есть свои и культура и искусство.

Помимо театров, Анна Сергеевна также уделяет особое внимание фильмам. По её воспоминаниям, во времена её студенчества она посещала вместе со своими кураторами фестивали «Future shorts», суть которых

заключается в просмотре короткометражек в оригинале с субтитрами. Но сейчас благодаря мультимедийным аудиториям есть возможность, не выходя из стен вуза, во время кураторских часов посмотреть какую-нибудь «картину» и обсудить увиденное со студентами. Подобные культпросветы помогут воспитать в нынешних реалиях в студенте всесторонне развитую личность.

По завершении нашей беседы Анна Сергеевна Кriuля выразила пожелания ЗКУ им. М. Утемисова к его 90-летию: «Желаю, чтобы вуз никогда не терял статус одного из лучших в нашей стране; чтобы всегда было взаимопонимание между сотрудниками, преподавателями и студентами: без гармонии успеха не достичь. И, разумеется, желаю университету сохранять уважительное, человеческое отношение к труду людей, улучшающих его имидж и статус».

Жанна АБТАЕВА

Кітапханадағы кездесу

М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдық мерейтойына орай Ғылыми кітапхана ұжымы ұзақ жылдар бойы кітапхана саласында аянбай еңбек еткен ардагерлерімен кездесу кешін ұйымдастырды.


Ардагерлеріміз Герасимова Елена Георгиевна, Жуковская Инна Николаевна, Ниязбекова Галина Адилевна, Яковенко Юлия Ивановна, Таушева Гульжан Закировна, Бурекешева Гульжан Тулегеновна, Кененова Мадина Жумағалиевна, Кисекова Сауле Сапиевна, Нашинова Талшин Салимовналарды мақтанышпен айтамыз. Кездесу кешіне университетіміздің ғылыми кітапханасының кітап сақтау секторында 40 жыл еңбек еткен Бурекешева Гульжан Тулегеновна және Тарих, экономика және заң ғылымдар оқу залында жұмыс атқарған Кененова Мадина Жумағалиевна қатысты. Кеште ардагерлер өздерінің еңбек жолындағы қызықты сәттерімен ой бөлісті. «Біз кітапханашы мамандығына адалдықты, сүйіспеншіліктің ізін басқан жастарға үлгі көрсете білдік» - деп жас буын кітапханашыларға өздерінің тәжірибесімен бөлісіп, жұмыстарына сәттілік тіледі. Кеш соңында ғылыми кітапхана директоры Тоты Алимбекерова кітапхана ардагерлеріне кітапхананың өсу, өркендеу жолында төккен тері мен жұмсаған қажыр-қайратына алғыс білдірді.



ЗОЛОТЫЕ РОССИИ

Научная библиотека университета располагает уникальными, редкими, особо ценными изданиями. Неповторимость редких книг придают книжные памятники:

Магницкий. Арифметика. - 1703 года издания, объем около 400 печатных страниц. Содержание книги, значительнее, чем ее название. В ней даны первоначальные сведения по арифметике, алгебре, геометрии, тригонометрии практическом применении их в механике, геодезии, навигации. Многие поколения учились по этой книге,



вобравшей в себя все современные знания в области математики. В книге даны решения математических задач, примеры, формулы.

История оригинала «**Остромирово Евангелие**» такая: рукопись на пергаменте в листах (длиною в 8 вершков, а шириною без малого в 7 вершков), содержит в себе 294 листа крашвого уставного письма в два столбца. Это Евангелие найдено было Яковом Александровичем Дружининым в покоех Императрицы Екатерины II, после ее кончины, и поднесено им в 1806 году Императору Александру I, который повелел хранить его в Императорской Публичной библиотеке. Неизвестно когда и кем эта драгоценная рукопись была поднесена Императрице Екатерине II. Но что она прежде находилась в Новгородском Софийском соборе, это доказывается надписью, крупным скорописным подчерком 14 века, на 1-м листе, на обороте.

Маленький иллюстрированный словарь на французском языке Пит Лярус. - 1914 г. - 1664с. Размещает в себе 1800 гравюр, 130 таблиц, 120 карт. Обложка инкрустирована золотом.

Мильтон Д. Потерянный рай и возвращенный рай. Автор родился в Лондоне, 9 сентября 1608 году. Поэмы Джона Мильтона выпущены с 50 картинками, перевод сдан А.Шульговской, объем 332 печатных страниц. Титульный лист на русском и английском языках. В первой песне излагается все содержание вкратце. Потерянный

рай состоит из 12 песен. Возвращенный рай из 4 песен.

Ухтомский Э.Э., «Путешествие государя императора Николая II на восток (в 1890-1891)./Илл. Н.Н.Карозина. Т.3.-1897 года издания, Т.2.-1895 года издания.

Издание выпущено в Лейпциге: Ф.А.Брокгауз. Книга описывает путешествие царской семьи на Восток. Т.2.: Путешествие по Индии: Бенерос, Калькутта, река Ганг, Южная Индия, Мадрас; Японии. Объем 3-го тома: 247 печатных страниц. Т.3.Путешествие по Японии, Китаю, Моголии, Амура, Забайкалье. Также в 3-ем томе описывается пребывание цесаревича в г.Уральске на 300 летие Казачьего войска. Имеется герб Уральский.

Голиков. Деяния Петра Великого, мудраго преобразителя России, собранные из достоверных источников и расположенных по годам.Ч.2.-М.,1788.

До середины XIX в. этот 12-томный труд оставался основным источником по петровскому времени. Именно его использовал Пушкин во время работы над «Историей Петра». Работа Голикова получила значение первоисточника и до сих пор используется специалистами в работах по эпохе Петра I. Издание одобрено Антоном Барсовым - коллежским Советником, Профессором и Цензором печатаемых в Университетской типографии книг. Во 2 части охватывается период с 1700 по 1707гг. В нашей библиотеке имеются следующие тома:1,2,4,8,9. Выпущена в Москве, Университетская типография Н. Новикова. Дополнение к Деяниям Петра Великого.Т.2.-М.,1790. Дополнения к Деяниям состоят из отдельных книг-томов, охватывающих различные периоды правления Петра I.Во 2 части представлено изображение предшествующих времен Петру Великому. В нашей библиотеке имеются следующие тома:2,3,4,5,6, 7,8,9,11,12,13,14,15,16. Издана в Москве, Университетская типография В.Оорокова, переплет - коричневая кожа, форзац- декоративно-орнаментальный, шрифт крупный, буквы черные.

История Римлян. - Париж,1879. Т.1. содержит 518 гравюр, 9 карт, 1 план. Обложка тесненная золотом, золотой срез страниц.

«История человечества»: Всемирная история/ Под ред. Доктора Г.Гельмонта с 260 отдельными приложениями, 55 иллюстрированными картинками, 145 черными картинками. Издана в Санкт-Петербурге, в 1904 году.

Серия «Вся природа». Из данной серии в фонде



хранятся: «Мироздание» Вильгельма Мейера; «Жизнь животных» Брэма; «Человек» Ранке; - «Народоведение» Ранке.

Энциклопедический словарь Брокгауза и Эфрона включает в себя 81 томов. В основу энциклопедического словаря положено известное немецкое издание Брокгауз, со всеми его богатыми приложениями, как географических карт, так и рисунков, возможно исключительно при столь дорогостоящем издании, как его Lexicon, и окупившихся для него продажей сотен тысяч его Лексикона.

Энциклопедический словарь Мейера, выпущен издательством «Библиографический институт», основанный в 1826 году (с 1874 в Лейпциге). В фонде научной библиотеки хранятся 25 томов, 1909 года, изданные в Лейпциге.

Особым вниманием читателей пользуются редкие книги о Республике Казахстан и Западном Казахстане, таких авторов, **Рычков П.И. «История Оренбургская (1730-1750)».** Оренбург,1896.- 94 с; **Соколов Д.Н.Оренбургская губерния: Географический очерк. Территория губернии. Устройство поверхности. Орошение. Климат. Распределение растительности. Полезныя растения. Животное население. Первоначальное население.Русская колонизация.-Изд., отдъла народного образования Оренбург, губерн., земства.М,1916 .**

Сохранность для потомков богатства библиотечных фондов - наша задача и обязанность. Решением сохранности и доступности может стать, на мой взгляд, перевод уникальных фондов на современные носители информации и создание полнотекстовых баз данных, чем и занимается Научная библиотека.



Тоты АЛИМБЕКЕРОВА,
директор
научной библиотеки



Тарих пен болашақтың бірлестігі

Ғылыми әлеуетті дамыту – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтың бірі. Университет сапалы білім берумен қатар, іргелі ғылымды дамытуға да үлкен үлес қосып келе жатқан жоғары оқу орны.

Батыс Қазақстан университетінің ерекшелігі – бір ғасырға жуық шежірелі тарихи жолы бар іргелі орда. Қойнауында талай тарихты бүгіп жатқан білім ордасы осы жылдар ішінде мыңдаған шәкірттің жүрегіне нұр құйып, түлетіп ұшырды.

Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына тәрбиеші мамандардың сіңіретін еңбегі орасан. Тәрбиеші – ол жүрегі жақсылық пен жаңалыққа толы ұлы тұлға. Ол бойындағы барлық білім мен білікті, тәрбиені баланың жүрегіне жеткізу үлкен қасиет. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе – ас бер, он жыл қалғың келсе – ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе – бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Осылайша баланы өмірге алғаш қадам бастырар тәрбиеші мамандығы болса, білім негізін қалаушы – бастауыш сынып мұғалімі. Бастауыш мектеп мұғалімі – ерекше тұлға. Өйткені ол – балалар мен үлкендер әлемінің арасындағы сарапшы.

Бастауыш мектеп мұғалімінің еңбегін өзге еңбекпен салыстыруға болмайды, себебі ол еңбектің жемісі – адам. Мұғалімге отбасы мен қоғам ең қымбаттысын, өз елінің азаматының болашағын, оның тағдырын табыс етеді. Бүгінгі мұғалім еңбегі қандай болса, ертеңгі болашағымыз да сондай болмақ.

Осы орайда, ерекше мамандық иелерін дайындауда қоғамға үлкен үлес қосып отырған мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасы туралы айта кетсек деп отырмыз. Кафедрамыздың алға қойған мақсаты – қазіргі жаһандану және интеграциялық үдерістердің күшеюі жағдайында болашақ мамандарға берілетін жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытудың озық технологияларын, белсенді әдістерін кеңінен қолдана отырып, оқу-әдістемелік, тәрбие, ғылыми жұмыстарды инновациялық тұрғыдан жоспарлау, ұйымдастыру негізінде сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті педагог-тәрбиешілер мен бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау.

Өздерінің саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап сан мың шәкіртті түлеткен, кафедрамыздың дамуына орасан зор үлес қосқан ардагер ұстаздарымыз И.М. Ломоносов, Б.И. Сарсенбаева, Т.Қ. Қайырғалиев, М.С. Хусаинов, Б.А. Мулдағалиев, В.П. Капленко, Р.Б. Досқалиева, М.Г. Хусаинова, К.Х. Сапашева есімдерін мақтанышпен айтамыз.

Қазіргі күнде осы ардагер ұстаздарымыздың дәстүрін жалғастырып

1932 жылы Қазақстандағы алғашқы педагогикалық университеттердің бірі ретінде ашылған оқу ордасы бүгінде білімнің қарашаңырағына айналды. Университет құрылған күннен бастап, Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріне және білім саласына зор үлес қосып келеді. Бүгінде М.Өтемісов атындағы БҚУ халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім саласындағы көшбасшы университеттердің біріне айналды.



келе жатырған білім беру саласының алдыңғы қатарлы оқытушылары – Г.А. Ергалиева, И.У. Хасанова, А.Х. Казетова, Д.Г. Хабиева, Г.С. Абуғалиева, С.Ф. Баюканская, С.Н. Ерниязова, Л.А. Федорченко, С.Н. Есенова, Г.Б. Мусағалиева, Л.М. Маденова. Сондай-ақ, Ж.Ж. Нәбиева, В.Т. Арыстанғалиева, А.Д. Муканова, Г.Е. Тлепбергенова, Т.Т. Мақсотова, Ф.Е. Ескакова, О.А. Панищева, Г.С. Мухиева, Ж.Т. Тапаева, Б.Е. Ерболат сияқты кафедрамыздың жас мамандары білім мен ғылымның дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Толағай табысы мол, ғылыми ізденіске бет бұрған жылдарға назар салсақ, кафедрамыздың жетістіктерін айтып бітіре алмаспыз. Мәселен, кафедрамыздың қалыптасып дамуы барысында жеткен жетістіктерімізді мақтанышпен айта аламыз:

ҚР ҰҚП Атамекен рейтингі бойынша «6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасы 2020 жылы республикалық білім беру бағдарламалары рейтингінде I орын алды;

ҚР ҰҚП Атамекен рейтингі бойынша «6B01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы 2021 жылы республикалық білім бағдарламалары рейтингінде II орын алды.

6B01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу (Мемлекеттік лицензия: 01.06.2022. Куәліктің жарамдылық мерзімі: 01.06.2022-31.05.2027. Берілген күні: 01.06.2022. Тіркеу нөмері: HE-SA-000281); 7M0130/7M01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі (Мемлекеттік лицензия: 25.06.2020 ж.

№ KZ33LAA00018425. Куәліктің жарамдылық мерзімі: 27.05.2021 ж. - 26.05.2026 ж. Берілген күні: 27.05.2021 ж. Тіркеу нөмері: АВ 3365) 6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі (Мемлекеттік лицензия: 25.06.2020 ж. № KZ33LAA00018425, Куәліктің жарамдылық мерзімі: 27.05.2021 ж. - 26.05.2026 ж. Берілген күні: 27.05.2021 ж. Тіркеу нөмері: АВ 3364) білім бағдарламалары 5 жыл мерзімге мамандандырылған халықаралық аккредиттеуден сәтті өтті.

2021 жылдағы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші МДОТ мамандығы бойынша – 93%; БОПӨ мамандығы бойынша – 94%; магистратура БОПӨ – 100% құрайды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы да жоғары деңгейде ұйымдастырылып келеді.

Шетелде оқыту жөніндегі Республикалық комиссия отырысының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы шешімі бойынша «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде «500 ғалым» жобасының грантын кафедра оқытушысы, магистр Мухиева Гульмира Сейтмуханбетовна ұтып алып, 6 ай мерзімге Польшадағы Быдгощ қаласындағы Ұлы Казимир университетінде тағылымдамадан өтті.

Кафедрада студенттердің ғылыми – ізденіс жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. 2022 жылғы 25 ақпанда кафедрамыздың п.ғ.к., аға оқытушы А.Х. Казетова Көкшетау қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы университетінде өткен «Қазіргі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: тенденциялар, проблемалар, перспективалар» тақырыбындағы Қазақстанның мектепке

дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтарының съезіне қатысты.

Сол жылдың 15 наурызында Нұр-Сұлтан қаласындағы Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов пен 300-ден астам бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен өткен «Бастауыш мектеп – Білім мен ғылымның бастауы» тақырыбындағы съезге п.ғ.к., аға оқытушы И.У.Хасанова қатысты.

Студенттеріміз сапалы педагогикалық білім беруге ынталандыру, педагогика саласында шығармашыл жастарға қолдау көрсету бағытындағы түрлі халықаралық конференциялар мен республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. 2017-2018 жылдары «Өрлеу» командасы Қарағанды қаласында ҚарМУ-де өткен Республикалық пәндік олимпиадада 3-орын алды. 2018 жылы 9 республикалық пәндік олимпиадада Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде (Алматы) 3-орын; 2019 жылы С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қорқыт ата атындағы (Өскемен) 10 Республикалық пәндік олимпиадада 3-орын алса, 2020 жылы студенттер Қызылорда мемлекеттік университетінде өткен 12 Республикалық пәндік олимпиадада 3-орынды иеленді. Ал 2021 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-да өткен 12 Республикалық пәндік олимпиададан 3-орын және «Олимпиаданың үздік жаңалығы» номинациясы бойынша Құрмет грамотасын алды.

Кафедрамыздың әр оқытушысы қоғамдық дамудың қазіргі үрдісінде өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын құзіретті тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу мәселесін үнемі алға қояды. Сондықтан оқытушылар сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын маман дайындау жолында зор жауапкершілікті сезініп, кәсіби жағынан шыңдалып, теңдік пен еркіндіктің белгісіндей тіліміздің туын биік, тұғыры жоғары болуы жолында уақыт талабынан шығып жұмыстанады.

Тарихы тағылымға толы университетіміздің ұжымына зор шығармашылық табыс тілей отырып, егемен еліміздің жас ұрпақтарын тәрбиелеуде, бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда еңбектеріңізге жеміс тілейміз. Мәңгілік елдің зияткер ұлтын тәрбиелеу – ұлы парыз.

Қарашаңырағымыз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің беделі әлемдік білім кеңістігінде қашан да жоғары болғай!

Мерейтой аясында

«Менің таңдауым - М.Өтемісов атындағы БҚУ»

Университетімізге 90 жыл толуына орайқыркүйектің 22-ші жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінде «Менің таңдауым - М.Өтемісов атындағы БҚУ» атты 1-курс студенттері арасында сурет көрмесі мен баяндамалар байқауы өтті.



Байқауымыздың мақсаты - жаңадан қатарға қосылған студенттердің университетімізді таңдаудағы өз ой-пікірлерін тыңдау. Шара барысында 1-курс тар арасында Биология-география мамандығының студенті - Уахитов Алихан, экология мамандығының студенті - Алмас Инабат, ғылыми химия мамандығының студенті - Нұрбай Пюзель «Менің таңдауым - М.Өтемісов атындағы БҚУ» атты өз баяндамаларын жасады.

Шежіресі тереңге жайылған I ғасырға жуық тарихы бар университетіміз өз тарих жолында елімізге бірқатар даңқты тұлғаларды тізімге қосты.

Батыс Қазақстан университеті аймақтағы ғылыми оқу-орталықтың бірі болып табылады. БҚУ-бұл білім ордасы. Сапалы білім мен қатал тәртіп және

алғаш көргенде көзге түсетін білімді де белсенді студенттер ортасы.

БҚУ студенттерге болашақ маман ретінде ғана қарап қоймай, қоғамға үлес қосар, елін сүйер патриот және шығармашыл тұлға ретінде де қалыптастыруға өз үлесін қосуда.

Батыс Қазақстан университеті халықтың ертеңі болар келешек ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаздардың ордасы. Бұл университет бізге жаңа жолдар ашуда. Университет 90 жыл тарихымен, мығым білімімен, елге үлгі тұтарлықтай білімді түлектерімен біздің таңдауымыздың қате еместігін растары сөзсіз.

Шагимгереева Бакытгуль Еrsaиновна – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры русской филологии успешно защитила кандидатскую диссертацию в РУДН в 2021 г., а в 2022 г. – прошла процедуру признания эквивалентности ученой степени в РК. В нашем интервью Б.Е. Шагимгереева поделилась своими впечатлениями от учёбы в аспирантуре в Российском университете дружбы народов (РФ, г. Москва).



– **Бакытгуль Еrsaиновна, расскажите, пожалуйста, что подвигло Вас на обучение в аспирантуре?**

– В 2018 году на пост ректора вуза был назначен Сергалиев Нурлан Хабибуллович, и, чтобы поближе познакомиться с коллективом, он встречался с каждым факультетом отдельно, где обсуждались вопросы, волнующие ППС, и возможные их пути решения. Одним из приоритетных стратегических его направлений было поднятие и укрепление научного потенциала вуза, поддержка молодых исследователей, учёных за счёт университета. Я очень признательна и благодарна Нурлану Хабибулловичу за эту инициативу!

– **То есть, в этом есть заслуга нашего ректора?**

– Безусловно! Ректором было предложено преподавателям, молодым исследователям продолжить обучение в ведущих вузах Казахстана и стран СНГ, поступить в докторантуру, аспирантуру, в связи с этим были организованы встречи с изъявившими желание сотрудниками, после он лично принимал каждого из нас, спрашивал об интересующих нас направлениях в науке. Я поделилась своим желанием выбрать методику преподавания, на что Нурлан Хабибуллович как компетентный специалист, осведомленный о тенденциях развития и в филологии, посоветовал пойти по направлению языкознание и литературоведение.

– **Расскажите, а как Вы выбрали вуз? У Вас уже были планы или попали «по распределению»?**

– Честно признаться, вначале я собиралась поступать поближе к Урalsьку: в Саратов, Самару или Оренбург. Но при обсуждении вопроса – куда поступать – наряду с вышеперечисленными вузами прозвучал и РУДН, так как еще время моей учебы в магистратуре нашего университета по академической мобильности из Москвы приезжала профессор, доктор филологических наук У.М. Бахтикереева. Тема ее исследований, помню, меня очень заинтересовала. И когда речь зашла о РУДН, ректор посоветовал остановить выбор на нем, несмотря на то, что в этом университете оплата за обучение дороже, чем в других.

– **Были ли какие-то сопутствующие трудности при поступлении в РУДН?**

– Я благодарна за всестороннюю поддержку руководства нашего вуза, потому что мы не чувствовали никаких трудностей: нам, аспирантам, за счет средств университета были созданы все условия для обучения, проживания, в получении медстрахования, выплачивалась стипендия. Мы учились, не отвлекаясь на подобные насущные вопросы. Считаю, что этот момент сыграл большую роль на пути к цели, своевременном написании диссертации и успешной ее защиты. Также после получения диплома о присуждении ученой степени в РФ до прохождения процедуры признания наших дипломов в течение определенного времени нам выплачивалась надбавка к заработной плате.

– **А какие у Вас сложились впечатления о РУДН?**

– Российский университет дружбы народов - это государство в государстве, многопрофильный университет, где учатся представители большинства стран мира – Франции, Кореи, Китая, Эфиопии, Бразилии и многих других. Он объединяет людей различных культур, представляющих около 500 национальностей. Это интернациональный вуз, и нам всем было очень комфортно и интересно. Много можно рассказывать о профессорско-преподавательском составе вуза – высококвалифицированных специалистах, корифеях науки, как

например, Е.А. Красина, У.М.Бахтикереева, М.А. Рыбаков, О.И. Валентинова и др., у которых мне посчастливилось учиться. Я очень благодарна своему научному наставнику Улданай Максutowне Бахтикереевой, профессору, доктору филологических наук, за помощь, всемерную поддержку и готовность быть на связи в любое время.

– **А как проходило ваше обучение?**

– Что примечательно: мы были аспирантами, но даже известные лингвисты общались с нами как с коллегами. И ещё был получен колоссальный опыт - это научно-практические конференции международного масштаба, в которых, являясь аспирантами первого года, мы уже принимали участие и выступали с докладами по своей теме. Конечно, это огромный опыт: задаются вопросы, даются ценные замечания, что только положительно влияет на ход нашей работы. Также некоторые из моих статей по исследовательской работе были опубликованы в периодических научных изданиях РУДН. Мы имели возможность работы в Российской государственной библиотеке, одной из крупных библиотек мира, где царит своя особая атмосфера. Безусловно, обучение в РУДН – открытие новых возможностей, получение большого опыта работы.

– **Скажите, пожалуйста, а было ли что-то такое в РУДН, что, как Вам кажется, было бы полезно внедрить в наш вуз?**

– В РУДН 85-90% преподавателей, в том числе кафедры общего и русского языкознания, свободно читают свои дисциплины как на русском, так и на английском языках – настолько у них высокий уровень владения языком. Думаю, это очень хороший пример, мы должны стремиться к тому, что повышает нашу конкурентоспособность. Я надеюсь, что и в нашем вузе в скором времени откроют докторантуру, что расширит возможности в приобретении новых компетенций в соответствии с современными направлениями научно-исследовательской работы.

– **Бакытгуль Еrsaиновна, что бы Вы пожелали ЗКУ имени Махамбет Утемисова в честь его 90-летия?**

– Для меня наш вуз – это поистине родное место, ведь нас связывают долгие годы: я здесь начала своё обучение, поступив ещё после 9 класса в педагогический лицей при УПИ имени А.С.Пушкина, который находился в здании по ул. Студенческой, где ныне 8 корпус. Деканом лицея был Н.Д. Даулетов, занятия вели преподаватели филологического факультета К.К. Биалиева, Р.Э. Винник, и нас называли «без пяти минут студенты педагогического института»...

90 лет – это солидный юбилей для вуза, который имеет вековую историю, богатейший опыт, является кузницей профессиональных кадров. Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова – это место, где каждый студент находит свое призвание, раскрывает свои таланты, имеет возможности реализации как себя, так и своих проектов. Я поздравляю с этим знаменательным событием и желаю дальнейшего процветания, успехов во всех начинаниях, достижения поставленных целей, также здоровья всему профессорско-педагогическому составу, всем сотрудникам вуза, и чтобы выпускники продолжали прославлять ЗКУ имени М. Утемисова во всех уголках земли. С днем рождения, альма-матер!

– **Бакытгуль Еrsaиновна, благодарю Вас за содержательную беседу и тёплые пожелания вузу!**

Жанна АВТАЕВА

Түлектен тілек

ТАҒДЫРЫМА ҚАНАТ БОЛҒАН АЛЫП ОҚУ ОРНЫ

«Білімді бол, білімді талап ет, білімді тыңдаушы бол, ең болмаса білім жолындағыларды сүй». Міне, осы бір астары терең болған, уақытында түсініксіз естілген сөздің бүгінде өз аузымнан айтылғаны. Студент болдық, магистр бола жүріп біраз шытырманның бетін аштық. Ал бүгінде әр күнін қызықтап өткізуге тырысып жүрген студенттерге бағыт берушіміз. Қызыққа толы шақты сезіндірген Махамбет университетіне тағзым.



Бүгінде ғасырға жуық тарихын ұрпақ санасына сіңіріп келген Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті осыдан 7 жыл бұрын маған да жылы кейіпте құшақ ашқан еді. Бейне бір мұражай ішіндегі көз тартарлық дүние секілді, Орал шаһарының төрінде орналасқан алып оқу орны. Шынында, арман боларлықтай, атына заты сай қос тарих менің жүрегімді жаулап алды. Студенттік кезең адам өміріндегі ең бір қимас, қызығы мол күндер. Әрине, 1 курста оқып жүріп университетіммен танысу, жаңа достар, жаңа оқу орны менің өмірімді өзгертті. Өмірлік жол табуыма көмектесті. Шәкірт санасын байытуға 90 жыл еңбек еткен оқу орны өз тарихында көптеген жетістіктерге жетіп, көпұлтты Қазақстанның экономикалық және мәдени өсуіне, саяси-құқықтық өміріне, мәдениетіне, ғылым мен білім беру салаларына орасан үлес қосып, еліміздің жоғары білім беретін оқу орындарының біріне айналды. Университет көптеген шетелдік ЖОО-лармен бірлесіп жұмыс жасайды. Мұнда оқитын әрбір студент шетелге шығып өз білімдерін жетілдіруге мүмкіндіктері бар. Осының барлығы арманына қарай бағыт алған әр жасты қанаттандырып, ұшуына себеп болады.

Махамбет атындағы алып оқу орны жастық шақтың мәңгілік мекені, білім мен мәдениеттілікті дарытқан университет. Және де өмірді танып білуге, әр қадамды нық басуға, адамдық тәрбиені биік қойып өмірге қайыспай қарсы жүруді үйреткен ұстаздардың осы ордадан табылуы. Әр ұстаздың тәлімі кісілік пен кішілікке толы. Тұяқты тұлпар мен қанатты сұңқарға тән, асқақ та биік әр жасты өмірдің ойлы тұсына дайындайтын білім мекеніне тілерім - САНАЛЫ ҰРПАҚТАРЫҢНЫҢ САНЫ ШЕКСІЗ БОЛҒАЙ...! ҚАНАТЫН КЕҢГЕ ЖАЙҒАН ӘР ШӘКІРТІҢ ТЕК БИІКТЕ БОЛСЫН...!

Әбілқайыр МАҚСОТҰЛЫ,
Мәдениет және өнер факультеті
декаанының орынбасары

В день рождения, Альма-матер!

От всего сердца поздравляю университет с юбилеем! 90 лет – солидный срок для любого учебного заведения; в случае с ЗКУ им Махамбета Утемисова он говорит о неизменно высоком качестве образования, о наличии традиций, о великих предшественниках, на которых хочется равняться. Отдельно хочу поблагодарить преподавателей филологического факультета, которые дали нам «путевку в жизнь». Горжусь, что училась (13 лет назад получила диплом бакалавра) и учусь сегодня в магистратуре именно здесь. Диплом ЗКУ всегда был знаком качества, и я уверена, что так будет и впредь.

С гордостью могу сказать, что юбилей ЗКУ им. Махамбета Утемисова — это праздник и лично для меня, и для многих жителей нашего города. Здесь мы получили бесценные знания, которые используем в своей работе. Лично мне обучение в нашем университете дало очень многое: не только знания, но и друзей, с которыми мы вместе со времен студенчества, активную жизненную позицию, стимул к педагогической деятельности. Горжусь Альма-матер, слежу за ее успехами и сегодня.

Желаю всему преподавательскому составу и студентам ЗКУ им Махамбета Утемисова успехов, достижения поставленных целей, здоровья и благополучия!

Б.К.ЕСКАЛИЕВА,
выпускница 2009 года

Тектілік пен тереңдіктен нәр алған, өнер мен өлеңнен жаралған, шежіре мен білімнен тамыр таратқан, батырлық пен ақындықты қос қанатындай тең ұстаған, сұлулық пен сұңғылалықтың өлшеміндей болған айтулы Ақжайық өлкесінің мерекесі мен берекесі, өрелісі мен өнерлісі қай заманда да тапшы болып көрген емес. Тәуелсіздігімізді ту еткен осынау отыз бір жыл бойы Ақжайық елінің мақтан тұтар жақсылығы мен жаңалығы еселене түспесе, азайған жоқ. Жаңарған еліміздегі жақсы жаңалықтардың басым бөлігі *ел болашағы-жастарымызға терең жоғары білім берумен байланысты*. Бәсекеге қабілетті ұрпақ, кәсіби маман баулу міндеті қашанда басты назарда.

«*Балам дейтін жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын*» демекші, жас ұрпаққа білім нәрін сіңіріп, оны биікке самғатуға, елін сүйе білуге, туған жерінің игілігіне қызметін арнауға баулыр басты тұлға – *ғалым-ұстаз*. Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде ұстаз-педагогтың беделі мен әлеуметтік жағдайын көтеруге үлкен бетбұрыстар жасалуда. Сондай іргелі ілгерлеудің бірі – *еліміздегі жоғары оқу орындарын дамыту ісі*. Биыл 90 жылдығын атап өкелі отырған Батыс өңіріндегі бірегей, тарихы тұңғыш білім ордасы – *Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті* бүгінгі заман талабына орай жаңа форматтағы білім-білік беруге қашан да сақадай сай. Сан қилы оқиғаға толы қым-қуыт уақытпен бірге шындалған университет ұжымы маңызды әлеуметтік міндетті орындап, жастарға іргелі ғылыми білім мен кәсіби мамандық беруде, олардың дүниеге көзқарастарын қалыптастыруда, елдің экономикасы мен мәдениетінің дамуына шешуші ықпал ете алатын жоғары білікті мамандар даярлайтын орнықты білім ордасына айналды. Демек, университетіміз өз тарихында әркез қоғамның жаңа интеллектуалдық әлеуетін толықтыра білді.

Бүгінгі таңда оқу орны өркениетті елдер үдерісінде жас ұрпаққа әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асырып, олардың рухани байлығы мен мәдениетін, еркін ойлау қабілетін, кәсіби біліктілігі мен іскерлігін дамыту мүддесіне қызмет етуде. Жарқын болашаққа көш түзеген Тәуелсіз жаңа Қазақстанның өскелең ұрпағын тәрбиелеп, педагогикалық білім мен ғылымды одан әрі жетілдіруде университет ұжымы алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелермен сусындап,

докторы, профессор, ғалым-энциклопедист, кафедраны 1932 жылдан бастап 50 жыл бойы басқарған Всеволод Вячеславович Ивановтың жан қиярлық қажырлы еңбегінің нәтижесі. Қуанарлығы – бұл тізімді соза беруге әбден болатындығы.

Қазақстандағы ең көне жоғары оқу орындарының бірі академик М.Н.Покровский атындағы Қазақ педагогикалық институты Халық Ағарту комитетінің шешімімен 1932 жылы құрылды. Жаңа оқу орнын ашудағы мақсат сауатсыздықты жою, жоғары кәсіби білімді ұстаздарды даярлау. 1937 жылы Орал қазақ педагогикалық институты болып өзгертіліп, Александр Сергеевич Пушкиннің 100 жылдық мерейтойына орай институтқа ақынның есімі берілді. Қазақстан қоғамын реформалау және тәуелсіздікті иемдену жолында жоғары оқу орны көптеген өзгерістерді бастан кешірді. 1996 жылы Орал педагогикалық институты Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті болып қайта құрылды. 2000 жылдың 14 ақпанында ҚР Үкіметінің 236-қаулысымен Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып өзгертілді. 2003 жылы БҚМУ халқы үшін күрескен, ақын, ұлы ойшыл Махамбет Өтемісовтің атын алды.

Жоғары оқу орнының түлектері бүгінгі таңда елеулі істерімен елге танылуда. Жақын шет ел мемлекеттері мен Қазақстандағы ғылым мен саясаттың дамуына үлес қосып жүрген тұлғалар көптеп саналады. Олардың бірқатары: *бұрынғы ҚР Білім мен ғылым министрі, Қазақстандағы БҰҰ өкілі – Бірғаным Әйтимова; бұрынғы Алматы қаласының әкімі, саясаттану ғылымының докторы, БҚМУ-дың құрметті профессоры Иманғали Тасмағамбетов; ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының батыры – Леонид Беда; Татарстан ҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы Р.И.Нафизов; КСРО ҒА Поволжье археологиялық институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы – Б.Ф.Железчиков; бұрынғы ҚР Парламенті мүшесінің депутаты – Е.Тарасенко, Ж.Ш.Кәкішев, Шафһат Өтемісов сынды азаматтар, т.б.*

Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдық тарихында аталмыш жоғары оқу орнын басқарған директорлар мен ректорлардың ұзын саны 17-ге жетеді. Олардың бірі білім ордасының алғашқы ұйымдасу және қалыптасу кезеңінде тер төге еңбек етіп, институттың тұңғыш іргетасын қалап, негізін салса (Ш.Б. Бекжанов (1932-1933 ж.ж.), И.К. Лукьянец

мыңдаған жастар уақыт тағылымымен сусындап, армандарын асқақтатып, қияға қанат қақты. Түлектеріміз арасынан есімдері елге әйгілі көптеген білім-ғылым және қоғам қайраткерлері шықты. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде Тәуелсіз жаңа Қазақстанның гүлденіп көркеюіне бүгінгі күнде өз үлестерін қосуда. Демек, білім ордасының мерейтойы – университеттің өткен жолын тануға, тарихынан тағылым алып, болашақ үшін тың мақсаттар белгілеуге септігін тигізетін өнегелі іс-шара.

Ғасырлық ғұмырға аяқ басқан бүгінгі белес – Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің өресін кеңейтіп, өнегесін асыра беретін тағылымдық мәнімен айрықша қымбат оқиға. Үлкен де ұлағатты жолдарды артқа тастап, Ұлы Даланың Батыс аймағындағы қазақ білімінің қара шаңырағына айналған ұжым болашақта да зиялы ұстаздарды, талантты педагог-ғалымдарды тәрбиелей бермек.

Білім ошағын ұлағатты ұяға айналдырып жүрген университеттің профессор-оқытушылар қауымының бүгінгі білім бәсекесіндегі алар асуларының биік болатындығына күмән жоқ. Олардың ел игілігіне еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен дәстүрді, өркениетті әлем дамуының озық сипаттарын сіңірудегі ғасырға жуық уақыттан бері жалғасып келе жатқан даңқты дағдыларынан танбайтындығына көміл сенімдіміз. Алдағы уақытта да университет өзінің құнды дәстүрлерін сақтай отырып еліміздегі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің көшбасшысы сапында бола бермек. Ұлы Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің мәртебесі жыл өткен сайын биіктерге көтеріліп, кемелдене түсетіндігіне де еш күмән жоқ. Ендеше, аға ұрпақтан алып қалған асыл мұра – білім отын өшірмей, бүгінгі жастар жүрегіне жаға білген, еліміздің жоғары білім жүйесінде лайықты абырой-беделі бар, қадір-қасиеті артық ұжым – университетіміздің 90 жылдық жылнамасы – өзгеше өрнектелген өнегелі тағылым, өсер ұрпақ, келер заманға дәстүрлі сабақ болмақ. Университетте 90 жыл бойы қалыптасқан ғылыми-педагогикалық дәстүр оның ертеңі үшін де маңызды. «Өткенін білмеген өткелден өте алмайды» демекші, Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің жылдар бойғы тәжірибесі – бір ғана ұжымның немесе білім ордасының өзімен-өзі тұйықталып шаң басып қалған



ҒАСЫРЛЫҚ ҒҰМЫРҒА АЯҚ БАСҚАН БЕЛЕС БИІГІНДЕ

өз тарихын қадірлей отырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру үстінде.

Бүгінде Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 90 жылдық мерейтойын атап өтуде. Келешекке ұмтылған университеттің алға қойған мақсаты – *жаңа типті жоғары оқу орнына айналу, уақыт талабына сай мамандарды даярлайтын ХХІ ғасырдың жоғары оқу орны болу, Халықаралық зияткерлік нарықта бәсекелесуге қабілетті жаңа буын мамандарын әзірлеу*. Өз тұсында 29 Еуропалық мемлекеттің білім министрлігімен Магна Хартия құжатына қол қойылғаннан кейінгі даму мақсаты – Еуропа елдерінің жоғары білім жүйелерімен үндес болу. Сондай-ақ М.Өтемісов атындағы БҚУ – білім кеңістігіне Болондық үрдісті енгізген қазақстандық жоғары оқу орындарының бірі (2005 ж.). БҚУ 105-тен аса әлемнің ЖОО-ларымен халықаралық байланыста, ол тек іргелес мемлекеттер арасында ғана емес, сонымен бірге Азия, Еуропа, АҚШ мемлекеттерінде де танымал.

Бүгінгі таңда ғасырлық ғұмырға аяқ басқан белес биігіндегі білім-ғылым ордасының тарихи парағына үңілсек, небір таңғажайып ашылыстар, қайталанбас табыстарға куә боларымыз хақ. Мәселен, *М.Өтемісов атындағы БҚУ туралы айтқанда математика ғылымын терең меңгеріп, әлемдік деңгейдегі есімге ие болған Асан Дабысұлы Таймановты алғашқылардың бірі тұрғысында атаймыз*. Ол модельдер теориясында бірнеше математикалық проблемалардың «аудармалы әдісін» алғаш ашты, *А.Вайнштейн Хаусдорфа авторлық терең зерттеу проблемаларының нәтижесін мерзімді сапта шешіп, көпшілікке таратты. Университет қабырғасында тер төге еңбек еткен академик Қажым Жұмалиев Абай мен Махамбеттің шығармашылық мұрасын зерттеуді өз алдына мақсат етіп қойды. Осы оқу ордасында дала, орманды дала және шөл дала флорасының ерекшеліктерін ажырататын құнды материалдар бар. Әлемдік гербарий каталогына тіркелген сирек кездесер таңғажайып гербарий қоры бар. Бұл – жоғары оқу орны тарихындағы жаратылыстану-география факультетінің негізін қалаушы, зерделі зерттеуші, КСРО-ның Бүкілодақтық географиялық қоғамының құрметті мүшесі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңген қайраткері, биология ғылымдарының*

(1933-1939 ж.ж.), өзгелері сұрапыл соғыс жылдарында қолда барды сақтауға (И.Н.Сазонов (1940-1941 ж.ж.), К.Ф.Васильев (1941-1945ж.ж.)), соғыстан кейінгі жылдардағы қайта қалыптастыру және бекітуге (С.А.Ақмурзин (1945-1952 ж.ж.), К.А.Утехина (1952- 1959 ж.ж.), И.Ф.Черкашин (1959-1963 ж.ж.)), сапалық жаңа деңгейге көтеруге (В.К.Сидоров (1963-1973 ж.ж.)) орайлас еңбек етсе, бірқатары алдыңғылардың жолын жалғастыра отырып, серпінді қимылдарға ұйытқы болды (Х.К.Кенжеғұлов (1973-1979 ж.ж.), Е.А.Ағелеуов (1979-1985 ж.ж.), С.С.Сатыбалдин (1985-1989 ж.ж.), Қ.Ж.Рахметов (1989-1990 ж.ж.)). Ал кейінгі избасарлары қиын да күрделі өзгерісті кезеңдер мен түлеу жылдарына өз үлестерін қоса білді (Т.З.Рысбеков (1991-2000 ж.ж., 2003-2011 ж.ж.), Б.Қ.Дамитов (2000-2002 ж.ж.), М.Н.Сдықов (2002-2003 ж.ж.), А.С.Иманғалиев (2011-2018 ж.ж.), Н.Х.Серғалиев (2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін)). Олардың қай-қайсысы да жоғары оқу орнын өз күш- қайраты мен қабілет-қарымы жеткенше басқара жүріп, білім ордасының тарихында өзіндік өлшеусіз із қалдыра алды. Десек те, олардың әрқайсысы жеке тұлға ретінде өзіндік орнымен, абырой-беделімен, жұмыс жасау стилімен, тіпті өзіндік қайшылықтарымен де ерекшеленеді. Қысқасы, университеттің тарихындағы өмір белестері өрнектелген тұлғалар жолы өзіндік сүрлеу жолы да. Ең бастысы, өткеннен тағылым алу, өмірден озғандарға құрметпен қарау тұрғысында кейбір тұлғалардың өмір жолы кейінгіге үлгі-өнеге екені даусыз.

Бүгінде өркендеудің бірден-бір жолы білім екенін білген аға ұрпақтың арқасында негізі қаланған Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне – 90 жыл. Осы жылдар аясында педагогикалық мамандар дайындайтын бірегей Ұстаханадан қаншама ұрпақ еліміздің әр түкпіріне жолдама алды десеңізші! Бүгінде университетіміз елімізге педагогикалық кадрлар даярлауға, жалпы ағарту ісіне өзінің ұланғайыр үлесін қосып келе жатқан ұлағатты алтын ұяға айналды. Университетіміздің 90 жылдық тарихы өткен мен бүгінгі уақытты жалғаған және оны болашақпен байланыстыратын алтын көпір іспетті. Бұл уақыт өлшемі тарих үшін де, тұлға үшін де мазмұны мен мағынасы сан ғасырларға татырлық бағасымен қымбат.

Айтулы 90 жыл ішінде университет талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қиын-қыстау жолдардан өтіп,

соқпағы емес, алдыңғы толқын ағаларды кейінгі толқын інілерге жалғайтын мағынаға толы керуенді, тағылымды көшті ұрпақтар жолы.

Қазіргі таңда қазақ елінде зор қолдауға ие болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында жаңа ұрпақтың табысты болуының ең іргелі басты факторы білім екенін салмақ сала айтамыз. Демек, күш – білімде, күш – бірлікте. Бүгінгі зейінді жас – білімге бейімді жас! Бұл біздің қанымызда бар қасиет. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Анық білеріміз, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетері көміл. Осы тұрғыдан келгенде биылғы жылы туғанына 219 жыл толып отырған Махамбет сынды қасиетті бабамыздың атындағы университеттің 90 жылдық мерейлі тойы тұсында айтарымыз, *университет – ұлт есеюінің, парасат әлемінің төлқұжаты. Университет – баланы даналыққа баулыр қасиетті орын. Тың ізденісті талап етер бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесінде Махамбет университеті – ұлттық рухани құндылықтар тұңғышы, ал білім ордасының тәжірибелі ғалым ұстаздары – құнарлы топырақтан жаралған, ата-баба дәстүрінен нәр алған ұлттық қасиеттер құймасы. Ендеше, келер күндерде де университетімізбен марқаялық, түлектеріміз университеттерінің мақтанышы болғай! Осы мерейлі сәтте баршамыздың берекеміз кетпесін! Бетеге кетсе, бел қалады, Бектер кетсе, ел қалады. Берекең кетсе, нең қалады?*

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының бастамасында іргетасы қаланып, уақыт ағынымен бірге шаңырақ көтеріп, бірте-бірте еңсесі биік киелі білім ордасына айналған, мыңдаған мұғалімнің шеберлігін шыңдаған, ел еңесін тік көтерер қабырғалы маман-кадрлар әзірлеген университет ұжымын мерейтойымен шын жүректен құттықтай келе, университеттің мәртебесі биік, ғалым-оқытушыларының көңіл-күйі көтеріңкі болғай демекпіз!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Менің университетім — беделді білім ордасы



бар Махамбет университетінің студенті атанғанымды мақтан тұтамын.

Кеше, яғни 1-курста жүргенде аудиторияларға, басқа да кабинеттерге имене кірсек, бүгінде, бойымыз тіктеліп, ойымыз жүйеленіп келеді. Бейнелеп айтқанда, қай жерде не тұрғанын біліп қалдық. Көп адаммен таныстық. Танымал жандардың, ғалымдардың дәрістерін тыңдап жүрміз. Болашақ тіл маманы ретінде маған мұндағының көбі қызық. Әсіресе, университет кітапханасы ұнайды. Кітапхана қорында қажет әдебиеттердің бәрі бар деуге болады. Бұл жер бізге сабақтан тыс уақытты тиімді өткізуімізге мүмкіндік береді.

Менің университетімнің басты жетістіктерінің бірі — кәсіби біліктілігі жоғары профессор-оқытушылар құрамы деп ауыз толтырып айтамын. Өзім Маңғыстау өңірінің тумасы болғандықтан, менің осы сөзіммен

маңғыстаулықтардың да, атыраулықтардың да келіскенінің куәсі болдым. Одан бөлек университетімде оқып жатқан жерлестерім де аз емес.

Батыр бабамыздың есімі берілген университетім тек білім алатын орын емес, сонымен қатар біздің замандастарымыздың жарқын өмірі деуге болады. Себебі, мұнда сапалы білім алумен қатар, шығармашылықпен шұғылдануға мүмкіндік бар, яғни мақала-өлең жазуға, ән айтып, би билеуге, спортпен шұғылданып, ғылыми жұмыстармен айналысуға толық мүмкін жасалған. Осындай қызықты студенттік шақтың әр күнін тиімді пайдалануға ұмтылудамыз. «Жаста оқыған оқуың - тасқа жазғанмен бірдей» деген қанатты сөзді бойтұмар қылып алған жайымыз бар.

Бүгінгі студент — ертеңгі маман, қоғам дамуының негізгі қозғаушы күші. Сондықтан университетімізде біз секілді жастардың сапалы білім алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, білікті маман болуына жағдай жасалған.

Қорыта айтқанда, Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ — Батыс Қазақстан аймағындағы ең ірі әрі беделді білім ордасы. Мұнда оқыған студенттің таңдаған саласын терең меңгерумен қатар, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде жан-жақты дамуына мол мүмкіндік бар. Яғни бұл жерде оқыған да арманда, оқымаған да арманда.

Арай ЖОЛБОЛДЫ,
филология факультетінің 3-курс студенті

Поздравляю родной университет с юбилеем!

В 2018 году я поступила в ЗКГУ им. М. Утемисова. Это была такая переломная точка, когда ты оставляешь позади 11-летний привычный уклад жизни и ищешь новый путь. У меня, думаю, как и многих первокурсников, был страх того, что меня ожидает, какие люди меня будут окружать, верно ли определилась с профессией... К счастью, преподаватели кафедры русской филологии оказались очень доброжелательными и чуткими людьми, не смотря на свой высокий статус и положение, а также известность своего имени, они никогда на нас, студентов, не смотрели свысока. На протяжении всего периода обучения они отдавали себя полностью воспитанию нас как будущих специалистов и, в целом, как будущего страны: старались каждому из нас привить любовь к науке, к своему делу. Они каждый раз радовались нашим победам и устраивали на успех, если у нас что-то не получалось. Я думаю, что каждый преподаватель ЗКУ живёт своими студентами и своей работой. Окончив ЗКУ, мы все вобрали в себя лучшие черты наших Учителей, мы и сами стали частью ЗКУ им. М. Утемисова.

Я думаю, что секрет успеха нашего вуза кроется в умении сочетать традиции и технологии, бывшее и будущее, профессионализм и человечность.....

Поэтому от себя лично хочу отдельно искренне поблагодарить, от всего сердца, наших уважаемых

преподавателей кафедры русской филологии и своего научного руководителя Н.С. Жигалина за то, что вложили в меня свой труд, за то, что Вы привили во мне любовь к науке, за то, что смогли разглядеть во мне потенциал и помогли мне его развить!

А также благодарю всех преподавателей и сотрудников вуза за Ваш ежедневный труд и вклад в развитие казахстанской науки и образования, за воспитание подрастающего поколения будущих педагогов, учёных, исследователей, изобретателей и др. представителей разных профессий.

В 90-летний юбилей вуза я желаю, чтобы в его стенах продолжали свою работу такие же профессиональные, компетентные, отзывчивые и искренние люди, а студенты всегда стремились к высотам, новым открытиям и достижениям, сохраняя доброе имя Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова!

Жанна АВТАЕВА



Мерейтойыңмен, Альма-матер!

Адам баласының ең жақсысы- тегістей білім алып, білгір болуы болса керек-ті. Жасында ілім үйреніп, қартайғанда оның зейнетін көрсең, өмірлік мақсатыңның орындалғаны осы емес пе? Сол мұраттың жетегінде жүріп, жаңа мекенге аяқ басуды армандаған мен 4 жылдық ғұмырымды М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде өткіздім.

Алғашқы ой. Алғашқы әсер. Біз үшін жұмбағы бөлек беймәлім әлемге тап болдық. Бірінші кезең ол - ғұмырластарыңмен танысу сағаты. Аудитория орындықтарының біріне жайғасасың да алдағы төрт жылға жоспар құрасың. Сөйтіп, соңғы аялдамаға жетемін дегенше тынбай әрекет етесің. Бұл жолда жаңадан келген жас бала үшін ең керегі - орта ғой. Дамушы ортаң болса, әріге барасың. Олар сені ешқашан адастырмайды. Көңілі көктей көріктілермен бірге жүріп, біраз дүниеге көзқарасың өзгерді. Балалықтың балғын естеліктерін өткенге қалдырдым. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін сәттің табалдырығынан аттағанымды бірден ұқтым. Сол жүкті абыроймен арқалауды үйреткен көш керуен - Махамбет ордасы. Жаным қалаған мамандықтың маңыздылығын түсіндіріп, жаңа бейнені қалыптастырдың. Саналы ұр-

пақтың ізін жалғап, сан мыңдаған түлектің тіреуі бола білген киелі кешен.

Тарихы терең, мың томдық тараулары бар оқу орны - өткен ғасырдың ғақлиясын бойына сіңірген қасиетті мекен. «Қара қазан, сары бала қамы үшін» - деп, ұрандатқан ұлы орда бар қазағын бауырына басып, саналарына білімнің бал нәрін құйды. Бұл елеулі еңбегің еліңнің есінде мәңгі сақталары анық.

Сенде өткізген 4 жылымның жылуы да бөлек. Тобымның әр мүшесімен өрбіткен әдемі әңгіме, саламызға селқос қарауды қаламайтын майталмандардың сабағы, әр студенттің талантын ашуға тырыса білген қоғамдық шаралар мен түрлі ұйымдардың белсенділері. Осы атқарылған жұмыстардың игілігімен әр жас өзі көз-деген кәсіптің иегері атанып отыр.

Осындай берекелі жылдың қарсаңында мен М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін филология :қазақ тілі мамандығы бойынша аяқтадым. Қаруым-қаламым - деп, әдебиет десе ішкен асын жерге қоятын қарапайым жандардың жан сарайын жадыратуыды мақсат еттім. Аталған оқу орны менің жұлдызымды жағып, көкжиегімді кеңейтті. Білімнің бағында тербетіп қана

ТАРИХҚА ДА, ТАҒЫЛЫМҒА ДА БАЙ БІЛІМ ОРДАСЫ



Кезінде өр рухты бабаларымыз қасиетті «төрт ана» үшін, әлемде тоғызыншы орынды қақ жарып иемденетін мынау байтақ дала, аузын ашса жүрегі көрінетін қалың жұрт пен бұлыңғыр болашақ үшін жан ашытар жанаталаспен арпалысқан еді. Қазір азат елдердің бірі болып, ғажап жетістіктерді қанжығамызға байлап жүрміз. Әр халықтың тірегі, бары мен нәрі — ұрпағы. Ал ұрпақтың саулығы,

ертеңі мен болашағы тәрбие мен білімге байланысты. Бүгінде тоқсан жылдық тарихты қанжығасына байлап, іргесін 1932 жылы қалаған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті де жаңалықпен жарысқан білімді де білікті жас мамандар даярлау жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Алты факультеттен тұратын университеттегі әмбебап мамандарды даярлауға бағытталған білім жүйесінің саясында 6000-ға жуық студент білім алып жатыр. «Алты алаштың баласы бас қосқанда, қадірлі орын - мұғалімдікі» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, білім ордасының мәні мен сәнін келтіріп, білім, ғылым жолында студентті жетектейтін педагогтар қауымы қашан да өз маңызын жоймайды. Мұнда 4 ғылым докторы, 85 ғылым кандидаты, 17 профессор және жүзден астам доцент еңбек етеді. Осындай біліктілігі озық ұстаздар университет қабырғасында талай таланттың, талай дарынның көзіндегі ұшқынды, білімге деген ынтасын байқап, дүлдүл дарабоздар мен мамандар жасап шығарады. Университетімізде дәстүрлі түрде бірінші курстарды қатарға қосу, «Студенттік көктем», «Жайдарман», «Ана тілі аруы - Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп тұрады. Студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Ғылыммен айналысқысы келетін студенттер үшін де дәстүрлі түрде «Ғылым әлемі» сияқты конференция, форумдар ұйымдастырылып тұрады. Инновациялық жобаларға құштар, заман ағымынан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, университетте технопарк қызмет етеді. Сонымен қатар, университетімізде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында оқитын студенттеріміз оқу орнымызды жалпақ жұртқа танытып, елдің түкпір-түкпіріне жарысқа барып әлем чемпионы деген атқа ие болып жүр. «Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойына жердеп етеді» деп Ғабит Мүсірепов айтқандай, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерін жаңа бағытта, жаңаша әдістермен оқыту жолға қойылып, олардың білім алуына, тәжірибе жинауына университет тарапынан көптеген мүмкіндіктер беріліп жүр.

«Ұрпақ болашағы — ұстаздан» деп тегін айтылмаған. Біздің мақсатымыз — сауатты ұрпақ, салауатты қоғамның қалыптастыру. Сауатты адам мәдениетті ғана емес, бақытты адам деп санаймын. Себебі оның үйренгені көп, өзгеге үйретері де біршама. Төрт жыл бұрын университетке білгенімді бөлісемін, жастармен бірге мен де өсемін деп келдім. Осылайша, тоқсанды алқымдаған, арда да асқақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде маман даярлау деген мүмкіндікті еншіледім. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің мерейлі жасы берекелі болып, саны жағынан да, сапа жағынан да беделді оқу орындарының қатарында атағы шықсын деп тілеймін.

Жадыра ДУЙСЕНБАЕВА,
ДТӨТ мен Ә кафедрасының оқытушысы, магистр

қоймай, әркез маған тілеулес болып жүретін мейірімді адамдардың алаңын құрғаның үшін саған рақмет, БҚУ!

90 жылдың ішінде тоғыз жолдың торабына еркін жайыла білген небір қырандар мен сұңқарларды қалыптастырып шығардың. Сендік саядан қалықтап ұшар әр көгершін келешекке арнаған аяулы армандарына зор сеніммен қарайды. Саяңа жиналған жас жүректің темірқазығы әрі қиналғанда қорғаны болудан еш талма дегім келеді. Болашақта жетер жетістігіміздің бәрі өзіңнен алған тәлім - тәрбиенің жемісі деп білеміз. Мәртебең Алатаудай асқақ болсын, Альма-матер! Біз сенімен мақтанамыз!

Гүлнұр ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ

Естен кетпес естеліктер

23 қыркүйек күні экономика және менеджмент кафедрасының ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90-жылдық мерейтойына арналған ардагер ұстаздармен кездесу кеші өтті.

Жиынға Трибунский Владимир Степанович, Даулеткалиева Қуанышгүл Нағашыбаевна, Гиззатова Алла Исламовна, Нестеренко Галина Ивановна, Сүлейменова Гүлнар Наухановна, Чудрова Венера

Утегеновна, Садыкова Гүлсім Абдыхалыковналар келді. Өмір жолын өскелең ұрпаққа білім мен тәрбиені сіңірген білікті ардагер ұстаздар білім жолындағы естеліктерімен бөлісіп, студенттерге оқуда табыс тіледі.



Зияткерлер бақ сынады

Қыркүйек айының 21-жұлдызы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай педагогика және психология кафедрасының 1, 2, 3 курс студенттерінің арасында «Махамбет» зияткерлік сайысы өтті. Сайыстың мақсаты: студенттердің университет тарихы туралы білімдерін ортаға сала отырып, шапшаңдыққа баулу, қызығушылықтарын және белсенділіктерін арттыру, білімді, жан-жақты болуға, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыруға бейімдеу, дарынды, озық болуға тәрбиелеу.



Зияткерлік сайысты Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Абдираимова Эльмира Кайрлиевна ашты. Сайыс танысу, үй тапсырмасы, «Кім тапқыр?» викторина, құпия тапсырма, дода блиц турынан тұрды. Зияткерлік сайыс кезінде топтар өздерінің шығармашылығымен, тапқырлығымен, шапшаңдығымен, ой ұтқырлығымен көзге түсті.

Сайыс нәтижесінде «Социум» Пип-21 тобы 1-орын, «Алаш» Пип-11 тобы мен «Эверест» Спс-21 тобы 2-орын, «Дедлайн» Спс-31, «Космос» Пип-22, «Агент-032»

Пип-32 тобы 3-орын алды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90-жылдығына орай педагогика және психология кафедрасының 1, 2, 3 курс студенттерінің арасында өткен «Махамбет» зияткерлік сайысы студенттерде университет тарихына арналған креативті видеолары және презентацияларымен, Махамбеттің жалынды әсерлі өлеңдерімен сайыстағы тартысты жағымды көңіл күйімен студенттердің жүрегінен орын таба білді.

29 қыркүйек күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Тарих, экономика және құқық факультеті есеп және қаржы, Қазақстан тарихы кафедраларының ұйымдастыруымен факультет студенттері арасында «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне – 90 жыл» бағдарламасы аясында «Ел деп туған ер» атты әдеби-танымдық сайысы оздырылды.

Ерім деген елің бар...



Іс-шарада студенттер Махамбет бабамыздың шығармаларын жатқа айтып, ақынның өмір жолы

мен шығармашылығы туралы викторина сұрақтарына жауап беріп, Махамбет жырларының жалғасын және

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінде 27 қыркүйек күні Филология факультетінің ұйымдастыруымен “Sen Say” интеллектуальды сайысы өтті. Сайыстың мақсаты студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану, оларға пайдалы ақпараттармен бөлісу, өздерін ортада белсенді көрсетуге, командалық жұмысқа баулу.

Sen Say

Сайысқа 1 курс студенттері арасынан үш топ қатысты. Қатысушыларға ұяшықтар арқылы әр түрлі қызықты сұрақтар қойылды. Әр топ өз деңгейлерін жақсы көрсете білді. Өлемдік деңгейде жан-жақты, спорт, сән, музыка сынды салалардан сұрақтар қойылды. Қатысушыларға жалпы саны 15 сұрақ қойылған болатын. Бірақ, нәтижесінде топтар тең түсіп, тағы да бейнежазба түрінде қызықты сұрақ қойылды. Осы сұрақ арқылы сайыстың жеңімпаздары анықталды. Нәтижесінде, “Эрудит” тобы жеңімпаз атанып, алға суырылып шықты. Жеңімпаз топ “Sen Say 2” сайысына жолдама алды. Сайыс жеңімпаздарына қатысушылар сәттілік тілеп, оларға қолдау білдірді. Сайыс көрермендерге де, қатысушыларға да пайдалы, әсерлі болды. Қызықты ақпараттармен, пайдалы мәліметтермен таныс болып, өз білгендерімен бөлісті. Сайыс студенттер арасындағы достықтың нығаюына да бір септігін тигізді. Сайыс қатысушыларына алғыс білдіреміз! Білімдеріңіз шыңдала берсін!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 26 қыркүйек күні Физика-Математика факультетінде, физика кафедрасының аға оқытушысы Қадырова Г.М және Физика-информатика мамандығының 2 курс студенттерінің ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығы мен М.Әуезовтың 125 жылдығына орай «Замананың заңғар жазушысы» атты іс-шара өтті.

Замананың заңғар жазушысы

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың өмірімен, шығармашылығымен, «Абай жолы» роман-эпопеясымен таныстыру. Студенттерді ұлылардың өмірінен үлгі алуға баулу, шығармашылық танымдарын толықтыру. Іс - шараға ҚР Журналистер одағының мүшесі, БҚУ профессоры Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы және шәкірті Тастенов Айтұған, Физика-Математика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Иксебаева Ж.С, кафедра меңгерушісі Есенғалиева А.Н және физика кафедрасының оқытушысы Шуйншалиева Г.С қонақ болып келді. Әдеби кешті қазақтың ұлттық биімен топ студенттері ашты. Кажмуратов Қуандық - «Әуезовтың мұрасы» атты өз өлеңін оқыды, Жоламанова Лиза - жазушының алғашқы туындылары туралы дәйек берді, Турарбеков Әсет - «Қобыланды» шығармасымен таныстырды, Шарапатов Ерасыл мен Аленова Аягүл - «Абай жолы» роман-эпопеясының томдарын түсіндірсе, ал Гилажеден Дильназ - М.Әуезовтың нақыл сөздерін оқып берді. Кітапхананың қолдауымен М.Әуезов шығармаларынан кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. Қыдыршаев А.С. және Тастенов А. М. Әуезов туралы қызықты деректермен бөлісіп, осындай кеш ұйымдастырғаны үшін кафедра ұжымына рақметін айтты. Шара соңында факультеттің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Иксебаева Ж.С мен топ кураторы Қадырова Г.М сөз сөйлеп, қонақтарға, студенттерге алғысын білдірді және де сөздің қасиетін жете түсінген Абат ағамыз өз батасын берді.

атауларын тапты. Сайыс барысында студенттер белсенділік танытып, барлық қатысушыларға алғыс хат пен сыйлықтар табыс етілді. Сайыс соңында факультет студенттері көңілді сахналық қойылым көрсетіп, көпшіліктің көңілінен шықты. Сайысқа қатысқан барлық студенттерге, сайысты қызықты етіп ұйымдастырған және өткізген ф- 41 топ студенттеріне, сондай-ақ сайысты өткізуге атсалысқан факультет студенттеріне зор алғысымызды білдіреміз.

Өнер – білімнің алтын ұясы

«Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады».

(Мағжан Жұмабаев)



Екі аяқты пендені өзге тіршілік иелерінен өзгешелеп тұрған биік сана-сезімі барша адамзат баласына өз өмірін сапалы етіп өткеруге мүмкіндік береді. Маңдайымызға жазылған тағдырымызды жақсы арнаға бұру үшін баршамызға таңдау құқығы берілген. Өмірде әр нәрсе таңдаудан тұрады. Жақсыны да, жаманды да, биікті де, төменді де адам өзі таңдайды. Сол секілді білім алатын жоғары оқу орнын да қателеспей

таңдау - адамның кейінгі болашағына әсерін тигізетін маңызды қадамдардың бірі. Себебі, сапалы білім - сапалы өмірдің кепілі.

Өмірімнің әр кезеңі кішкентай қадамдардан құралса, кезекті маңызды қадамымның бірі ретінде білім мен тәрбиенің қайнарынан сарқып ішер оқу орнын таңдауда жасаған таңдауымды айтар едім. Мектеп қабырғасынан білімнің алғашқы іргетасын қалап шыққан жас түлекті алда үлкен өмір күтіп тұрады. Сол үлкен өмірдің кіреберісі жоғары оқу орнынан басталады. Кіреберіске жасалған дұрыс таңдау кейінгі бөлмелердің де жарқын, ашық болатынына кепіл болады. Мен де таңдауымды дұрыс жасағанымға сенімдімін. 90 жылдық тарихы бар Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті атанып, оқу ордасының мәдениет және өнер факультетінде «Мәдени-тынығу» мамандығы бойынша білім алып жатқанымға көп болмаса да, өз таңдауыма шексіз ризамын. Абырой-беделі өз

алдына бөлек, сапалы білім мен саналы тәрбиенің ошағына айналған оқу орнының бір бөлшегі болғаным мен үшін үлкен мақтаныш. Болашақ өмірге қойған биік мақсаттарыма жету жолында университет қабырғасынан алып жатқан, әлі де алатын білімнің үлесі зор болатынына қазірден-ақ нық сенімдімін. Мәдениет және өнер факультетінің өз жұмысына жауапты, кәсіби білікті оқытушыларының бойымызға сіңіріп жатқан терең білімі арқасында өз саламыздың үздік маманы болатынымызға да үмітім мол. Дархан даламыздың данасы Абай атамыз: «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан», - деген. Мен оқитын білім ошағының ұстаздары да алдына келген әрбір шәкіртіне тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге әр жастың бойына рухани құндылыққа берік негіз болатын адамгершілікті асыл қасиеттерді де сіңіруге тырысып отырады. Ал ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Мұғалімі қандай болса – мектебі де сондай болмақ», - деген ой-тұжырымы әрбір білім ордасының сапа деңгейі ең әуелі сол жердегі мұғалімдерге байланысты екенін меңзейді. Университетіміздің беделін өсіріп, білім деңгейін арттыруға өз үлесін қосып жүрген ардақты ұстаздарыма алғысым шексіз.

Мерейлі 90 жылдық мерейтойын өткергелі отырған беделді университетіміздің дамуы мен өркендеуіне қосар ең басты әрі маңызды үлесім - терең білімі бар сапалы маман атану. Себебі, әрбір білім ордасы өз еңбегінің мәуелі жемісін шәкіреттерінің жеңісінен іздейтіні хақ. Ал біз үшін басты жеңіс, ол - сапалы білім алып шығу, сол білімді өмірде орынды қолдану.

Сөзімді қорытындылай келе, өнер-білімнің алтын ұясына айналған - Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ынтымағы жарасқан барша ұжымын мерейтоймен құттықтап, оқу орныма мол табыс пен үлкен жеңістер тілеймін.

Асем ТАЛОНОВА,

Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1 курс студенті

Өміріме өзгеріс енгізген – БҚУ



Мен Тулеубаева Нұрбану қазіргі таңда М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің, филология факультетінің, шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2курс студентімін. Осы университетке қалай келдім өмірім жақсы жаққа қарай, даму жолында өзгерді. Талантымды шыңдап, дамымаған қырларымды көрсеттім.

Айта кетсем, мен мектеп қабырғасынан бері жыр шумақтарын жазамын. Университетіміздің “Өркен” газеті өлеңдерімнің жарыққа шығуына себепкер болды. Тек осы қырымды ғана дамытпай, спорт жағынан да өзімді таныта білдім. Қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан университет атынан Алматы қаласына жолдама алып, қыздар командасымен жүлделі 2 орынды иеленіп келдік. Қазіргі таңда филология факультетінің белсенді студенттерінің бірімін. Жазғы демалыс кезінде уақытымды зая кетірмей, осы университет қабырғасынан алған білімді оқушыларға оқытып, керек қаражат жинап, ата-анама қол ұшымды создым. Қандай іс-шара болмасын қатысуға, қалмауға тырысамын. Бізден кіші жас студенттерге үлгі болуға, ақыл кеңес беруге қашанда дайын екенімді көрсетіп жүруге тырысамын. Білім жолын қуған жастарға оқу орны барлық жағынан көмек бере алады. Бұл университет әрбір студенттің жарқын болашағы үшін жұмыс жасап жатыр және оған менің көзім жетті. Университетіміздің 90 жылдығы тойланғалы жатыр. Бұл үлкен мәртебе. 90 жылдық тарихы бар университетте оқып жатырғанымды мақтанышпен айта аламын. Оқу ордамыз тек білімді, саналы, озық студенттермен тола берсін! Алдыңғы қатардағы үздіктердің бірі екені бәрімізге мәлім. Осындай тарихы тағылымға толы университетіміздің тамыры тереңге жайыла берсін дегім келеді.

Нұрбану ТУЛЕУБАЕВА,
ИЯ-27

АРМАНЫМА БАСТАУ БОЛҒАН «АСТЫН КӨПІР»



Әуелден, адам баласы адам болып жаратылғаннан бастап «ең алғашқы» деген сезімдерді бастан өткеруде. Алғаш рет «тәй- тәй» етіп қадам басу, алғашқы әріп, алғашқы мектепке басылған қадам, тағысын тағы... Өмір жолының әр кезеңінде алғаш рет болатын сезімдер ең ерекше әрі ұмытылмастай болады. Менің де

сол бір ең алғашқы сәттерім жадымда сақталған.

Осыдан 4 жыл бұрын, 2019 жылдың шілде айының 1 жұлдызынан бастап, М. Өтемісов ат. Батыс Қазақстан университетіне алғаш рет қадам бастым. Қызыл, сары түстерін әдемі үйлестіріп, күнге қарсы шағылысқан әдемі ғимараттың, кішкентай ғана жерден білім аламын деп келген ауыл қызының алдынан күтіп алғаны бір ерекше естелік болып қалып еді. Бейне- бір ескіліктегі әдемі, биік сарайлардай, әр бұрышы XIX ғасырдың естелігін сақтап тұрған бұл шаһардың мен үшін студенттік шағымның тәтті естеліктерінің «Отаны» боларын білмеген едім... Дегенмен де, уақыттың қалауымен 4 жыл артта қалып, айналасына қызығып, таңырқаумен табалдырығын аттаған білім ордамнан биылғы жылы маман болып түлеп ұшқалы отырмын. «Таудай» болып шықпасам да, ұстаз берген білімді аяққа таптамасыма сенемін.

4 жыл... Әрбір студент боламын деп, арман қуып келетін жасқа берілетін уақыт. Сол уақыт маған да бұйырды. Мәдениет және өнер факультетінің «мемле-

кеттік грантқа» ие болған студенті атандым. Студенттік шақтың ең қызықты шақтары мен ең бақытты сәттерінің куәгері болдым десем артық болмас. «Тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы» деген ұлы сөздің бейнесі іспетті, тәрбие мен білімді қатар алып, оған мәдениет пен өнердің ұғымын егіз ұштастыра білген, жаңа орта, адал дос табуыма себепші болған, көп мүмкіндіктер мен мол тәжірибенің қайнар көзі болған факультетіме алғысым шексіз. Әрине, қай жерде болмасын, әрбір жасаған ісінен ләззат алып, қалауын жаңылмай тауып, өміріне мән кіргізу адамның өз қолында. Сол үшін таңдауды да дұрыс таңдай білу шарт. Өнер жолын қуып, білім іздеп, үлкен өмірге қадамын осы табалдырықтан бастаған қай студенттің де өкінбейтініне сенімім мол. Өзім де ештеңеге өкінбеймін. Ең бастысы, жаным қалаған мамандықтың маманы атану үшін білім алудамын.

Әрбір білім ордасының ең басты мақсаты- шәкіртін сапалы біліммен сусындату болатын болса, сол мақсаттан айнымай келе жатқан, 90 жылдық тарихқа еге болған университет ұстаздарының еңбегіне сөзсіз басымды иер едім. Білмеген дүниелерімді ұқтырып, алға қарай ұмтылуға дем беріп, жақсылықтың жаршысы болған ұстаздарыма мың алғыс!

Тілі бөлек, діні бөлек болса да сан мыңдаған жылдар бойы, еліміздің түкпір- түкпірінен келген ілім-ғылым іздеушілерге құшағын кеңге ашқан білім ордама тілерім тек қана биіктік. Ғасырға жуық тарихында талай мықтыны түлетіп ұшырып, жақсылыққа жол ашқан университетім, биік белесіңнен құлатпайтындай, Махамбеттің атын одан әрі асқақтата алатын, зейінді, талантты, намысты, ойлы шәкірттерің көп болсын!

Гүлбақыт НАСИЕВА,

Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 4 курс студенті

ЕСТЕЛІК ҚАШАҒАН ЖЫЛДАР



– Студенттік шақ – мектеп бітіріп келген бозбалаға адасу да, таласу да жарасатын кезең ғой. Міне, сондай нағыз бақытты уақыттарды Жайықтың жағасында орналасқан М. Өтемісов атындағы БҚУ-да өткізгеніме еш өкінген емеспін. Қайта жасыл қалада таңға дейін жырымызды айтып, бойжеткенге мұңымызды шағып жүретін кездерге бір сағыныш

байқалады бойымыздан. Қателескенде демеу болып, балалығымызды барынша кешіретін. Туған жерінен шалғайда жүрген әр жасты панасына алып, сүрінген жерде демеп, маңайдан сипаған да осы қала, осы оқу ошағы. Бүгінде аталған оқу ордасына 90 жыл толып отыр. Осы орайда университеттің жалпы ұжымына, оқытушы ұстаздарға алғысымды айтамын!

ОҚУ ОРДАСЫНДАҒЫ ОЙ

Жаныңды суарып көгіңдегі үнмен,
Сәт – бүгінге кеш көрік берді.
Тас қабырғаларға төгілген нұрмен,
Жыл қашап жатыр естеліктерді.
Қондырып еске тұнықтағы ойды,
Сағынам жырақ қалған сағымды.
Терезелерден үміт қарайды,
Қайта әкелердей аңғал шағымды.
Мен күткен жолдың, сіз күткен жолдың,
Бойында ізгі жан қаптағаны.
Көктем де күтті күз күткендерді,
Қимасыңдай боп қалды артта бәрі.
Жаныңды суарып көгіңдегі үнмен,
Сәт – бүгінге кеш көрік берді.
Тас қабырғаларға төгілген нұрмен,
Жыл қашап жатыр естеліктерді.

Аманжол ИСЛАМҒАЛИ



Біз мұғалім дегенді жиі айтамыз, алайда оның біздің өмірімізде қандай үлкен рөл атқаратыны туралы ойланбаймыз. Оқытушының әр студентіне білікті маман, шынайы адамдар болып өсуі үшін қанша күші, еңбегі, жаны, шыдамдылығы қажет.

Бүгін мерейтой қарсаңында университетке 28 жылдан астам уақытын арнаған ғажайып тұлға туралы, өз ісімен шәкірттерінің қыласы мен сүйіспеншілігіне бөленген, аймақ жұртшылығының саяси сауатын аша білген, шынында да ұстаз болып жүрген Тұрар Төлегенұлы туралы айтқымыз келеді.

Тұрар Төлегенұлы 1972 жылы 14 қазанда Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданында дүниеге келген. Мектепті бітіріп, 1989 жылы Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, 1994 жылы Өл-Фараби атындағы Қазақ

Саясаттанудың өңірлік атасы болып танылған ...

Ұлттық университетін тәмәмдайды. Тәуелсіздікке қол жеткізген еліміздің алғашқы саясаттанушылары қатарынан Шайхиев Т.Т. табылды. Сол жылдан бастап университетімізге жұмысқа тұрған жас маман еңбекқорлығымен, ғылыми ізденістерімен ғалымдар қауымдастығынан өз орынын таба білді.

Білім ордасы әкімшілігі оған қарапайым тапсырмаларды жүктемеді, өйткені Тұрар Төлегенұлы міндетті түрде жеңе алатынына ешкім күмәндалады. Ол жұмысты жоспарлап, студенттерді ұжымды бағалайтындай және оқуға тартылатындай етіп баптай алды.

Студент кезімізден білетініміз, Тұрар Төлегенұлы факультеттегі аға орнында болды, ешкімді ренжітпейді, әрқашан көмектеседі, бірақ сонымен бірге оқу процесінде қаталдық танытатын. Ол қандай қиын болса да, кез-келген студентпен ортақ тіл таба алатын. Шәкірттеріне саяси-әлеуметтік сұрақтарды ғана емес, өмір заңдылықтарын да дұрыс, қарапайым түсінуге үйрете отырып, қаншама рухани күш пен қуат беруде.

Көп жылдар бойы Тұрар Төлегенұлы топ кураторы болды. Оның жетекшілігімен талай студенттер оқуын аяқтап, маман болып өмірге аттанды. Тұрар Төлегенұлының айтуынша, басты марапат

– емтихандардағы жоғары нәтиже және кәсіби өмірдегі түлектердің алған асулары.

Тұрар Төлегенұлы сабақтардан тыс жұмыстарды белсенді жүргізді: саяси науқандарға қатысып, факультеттің «Консенсус» саяси клубына жетекшілік жүргізуде, Т.Т.Шайхиевтің түлектері оны әділ, мейірімді және жанашыр ұстаз ретінде есте сақтауда.

Университет қабырғасында жұмыс істеген кезінде Тұрар Төлегенұлы 5 оқу құралының, 80-нен астам мақалалардың авторы болды. Университет әкімшілігі, қала, облыс әкімдіктерінің, Президент аппараты және министрліктерінің көптеген мадақтама және алғыс хаттарын алды.

Педагогикалық қызмет пен қатар қоғамдық жұмыстарды нәтижелі алып жүрген ұлы ұстазымызға айтар алғысымызды сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Жеке мерейтойы мен Махамбет атындағы қара шаңырағымыздың 90-жылдығы қарсаңында Тұрар Төлегенұлын құттықтап, зор денсаулық, бақытты да жарқын күндер мен ұзақ ғұмыр тілейміз. Сіздің өміріңіз әрқашан қуанышқа, күлкіге және махаббатқа толы болсын! Рақмет Сізге, Ұстаз!!!

А.Ж.ӘМЕН,

2004 жылғы түлектер атынан
аға оқытушы, PhD

РЕДАКТОР БАҒАНЫ



Батыс өңірінің бетке ұстар оқу ордасы биыл мерейлі 90 жылдығын тойлап жатыр. «Ұстаздар ұстаханасы» аталған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тамыры

терең тарихында талай оқиғаға куә болды. Аштықпен репрессияда институт оқытушыларын айналып өтпеді. Білім ордасының бірінші ректоры Шейхислам Бекжанов саяси қуғынның құрбаны болды. Сұм соғысқа институттан 180-нен астам оқытушылар мен студенттер аттанды. Алғашқылардың қатарында **П.И.Гусак, П.Л.Хлебников, Д.И.Киреев**, студенттер **И.Афанасьев, В.Жевак, З.Муканов** жазылады. Жайық жұртшылығына радиодан алғаш жеңісті сүйіншілеген Меруерт Жолдықайырқызы да филология факультетінің студенті еді.

Тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққандар біздің университетте өте көп. Марқұм **Меруерт Жолдықайырқызы** «әкем – университет, анам – кафедра» деп бекер айтпаса керек. 70 жылдан астам ғұмырын арнаған ұстаздардың бірсыпырасы бүгін арамдықта қызмет атқарып жүр. Олардың қатарында 83жасар физика-математика ғылымдарының кандидаты **Кузьмичева Александра Егоровна** бар. 1957 жылы оқуға түсіп, 1962 жылдан бері кафедрада жемісті жұмыс атқарып келеді. **Александра Егоровна**мен қатар **Құбашев Темірболат, Исмагулов Қамеш** ағайлар да 50 жылдың үстінде еңбек етуде.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті талай жастардың жұлдызын жақты. Оқу ордасын озат тәмамдаған өрімдей қыз-жігіттер ғылымға қолтаңбасын қалдырған кандидаттар мен докторларға айналды. 2009 жылы 25 жасында кандидат атанып, ең жас ғалымдар қатарын толықтырған **Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы**, 37 жасында қауымдастырылған профессор лауазымын иеленді. Республика көлемінде ең алғашқылардың қатарында PhD докторлықты әлемдік деңгейде орда бұзар отыз жасында игерген **Зубков Владислав Сергеевич** бүгінгі күні университеттің халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімін басқарып отыр. Профессор атағы – асқақ, салмағы ауыр, қажырлы қызмет пен елеулі еңбекті қажет ететіні белгілі. Университет тарихында ең жас профессор лауазымын 42 жасында география ғылымдарының кандидаты **Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы** иеленді.

Бұл біз мақтанар тау тұлғалардың бірсыпырасы ғана. 90 жылда 75мыңға жуық түлекті түлеткен қара шаңырақтың бүгінгі абыройы асқақ, мәртебесі биік. Ал біздің «Өркен» газеті 1934 жылдан бері университет жаңалығының жаршысы болып келеді. 90 жылдық аясында 9 нөмірде арнайы айдар жүргізіп, бүгінгі санды «мерейтойлық» мақалалармен толтырдық. Бұл бір ғана редакция қызметкерлерінің емес, тұрақты оқырмандардың да еңбегі. Осы орайда барша «Өркен» газетінің тұрақты оқырмандарына зор алғысымды білдіремін. Қаламдарыңыз мұқалмай, жазарларыңыз таусылмасын!

Айзада ҚАДІРҚЫЗЫ

СТУДЕНТТЕР АЛАШ МҮЗЕЙІНЕ ЭКСКУРСИЯ ЖАСАДЫ

«М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай Жымпиты ауылындағы «Алаш музейіне» ұйымдастырылған экскурсияға Тарих мамандығының 1,2,3 курс студенттері және Алаштану ғылыми зерттеу орталығының мүшелері қатысты. Экскурсияны аталмыш зерттеу орталығының жетекшісі ғалым Б.С.Боранбаева мен аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.К.Мұқанғалиева бастап барды.

Музей – ғылыми, мәдени-тарихи орталық. Ол – өткен заманның қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік өмірін, даму тарихын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отыратын халық қазынасы.

Күнбатыс Алашорда орталығы болған Жымпиты ауылындағы жасаған тарихи-мәдени экспедициясы аясында студенттер Алаш зиялыларына қатысты құнды құжаттар, алаш арыстарының тұтынған тұрмыстық бұйым жәдігерлерімен танысты. Сондай-ақ Орал – Жымпиты тас жолы бойындағы Жұмағазы хазірет кесенесіне зиярат етіп, ел ішінде Дәдем ата аталған әйгілі ислам ғұламасы туралы мәліметтер алды.



«Magic of chemistry»

М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану - география факультетінің Химия кафедрасының оқытушылары мен Хим-23 топ студенттерінің ұйымдастыруымен 19 қыркүйек күні «Magic of chemistry» атты 3 курстар арасында эксперименталды - интеллектуалды білім сайысы өтті.

Университетіміздің 90 жылдығына орай ұйымдастырылған шараның мақсаты - студенттердің мамандыққа деген қызығушылықтарын арттырып, білімдерін сынау, яғни білім алушы студенттердің теориялық дүниетанымы мен тәжірибелік қабілетін тексеру болды. Сайыста 3 топ бағын сынады: 1 топ Lorem Ipsum (ХБ-31) 2 топ Ferrum (Хим-31) 3 топ Жас химиктер (ХБ-33) Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Тәжірибелік кезеңде 4 курс Х-41 тобы студенттері қызықты эксперименттер көрсетіп, ойынның жақсы өтуіне өз себептерін тигізді. Сайыс бойынша Lorem Ipsum тобы 1 орынды қанжығасына байлады. Ferrum тобы 2 орын, сәйкесінше Жас химиктер 3 орынды иеленді. Әділ қазылар алқасы мен студенттер шараға ризашылығын білдіріп, осы бағыттағы шараларды жиі ұйымдастыру туралы пікірлерін білдірді.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 580

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Жанна АВТАЕВА,
Гүлнұр ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.

Тел.: 50-51-46, 51-41-99